



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!

Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Бұл мерекенің еліміз үшін мән-маңызы айрықша. Осы күні халқымыз Қазақстанды егемен ел ретінде дамыту жолында ерікті әрі түпкілікті тандау жасады.

Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Біз бабалар рухына тағзым етіп, өскелең ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, осы ұстанымға адал боламыз.

Азаматтарымыздың ырысты ынтымағының, өзара қолдауының және жасампаз еңбегінің, сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің арқасында Қазақстан Тәуелсіздікті нығайту ісінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қазір бүкіл әлем жылдам өзгеріп жатыр. Түрлі

сынақтармен қатар, тың мүмкіндіктерге толы жаңа тарихи дәуір басталды.

Мұндай жағдайда біз жас және озық ойлы ұлт ретінде болашаққа зор үмітпен және нық сеніммен қарап, берекелі бірлігімізді сақтауымыз керек. Еліміздің жаһандық деңгейдегі беделі мен бәсекеге қабілетін арттырып, Қазақстанды көркейген мемлекет ретінде дамыту үшін аянбай еңбек етуіміз қажет.

Қазір жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың нәтижесінде зор табысқа жетеміз деп сенемін. Жан-жақты жаңғыруға бағытталған стратегиялық бағдарымыздан ауытқымай, Әділетті, Күшті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құрамыз.

Баршаңызға мол бақыт, бақ-береке және толағай табыс тілеймін! Кәсірлі Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

ПРЕЗИДЕНТ ЖАПОНИЯҒА БАРАДЫ

18-20 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Жапонияға барады.

Сапар аясында Император Нарухитомен, Премьер-министр Санаэ Такаичимен, сондай-ақ Жапонияның іскерлік орта өкілдерімен кездесу жоспарланған.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті «Орталық Азия – Жапония» саммитіне қатысады.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ,

тарих ғылымдарының докторы, профессор:

МЕМЛЕКЕТТІЛІК – ХАЛЫҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ

Тәуелсіздік – мемлекетке берілген саяси мәртебе ғана емес, ұлттық сана мен мінезді қайта қалыптастыратын ұзақ тарихи процесс. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқы отыз төрт жыл ішінде біршама жағымды өзгерісті бастан кешті. Біз Тәуелсіздік күні қарсаңында белгілі тарихшы, профессор Мәмбет Қойгелдімен тәуелсіздік жылдарда болған сандық және сапалық өзгерістер, ұлттық санадағы трансформация, тарихи жауапкершілік, экономикалық дербестік және т.б. өзекті тақырыптар турасында сұхбат құрған едік.



(Жалғасы 5-бетте)

БАСПАСӨЗ-2026

AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2026 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
Занды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	Қала	Ауыл
				16 910,16 33 820,32	13 622,64 27 245,28
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	9 372,64 18 745,28	

KAZPOST

Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ САЛИҚАЛЫ ҰСТАНЫМ

Азаттық алғалы Қазақстан қол жеткізген екіжақты, көпжақты келісімдер Тәуелсіздікті биіктеткен берік тұғырдың біріне айналды. Ол елдің еркіндігін, жердің бүтіндігін, мемлекеттің егемендігін нығайтуға сүбелі үлес қосты. Экономикалық ынтымақтастыққа алтын көпір, саяси серіктестікке тиімді дәнекер болған халықаралық өзара тиімді уағдаластықтар елге заманауың қилы өткелдерінен аман өтуіне септесті.

Сыртқы істер министрлігінің дерегінше, Қазақстан Республикасы 5 мыңнан аса көпжақты және екіжақты келісім бекітті. Ішінде мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық шарттар бар. Қазақстан – жалпы саны 90-ға дейін жететін халықаралық ұйымға мүше.

Президентіміздің айтуынша, біздің халықаралық аренадағы қызметіміздің басты мақсаты – Қазақстанның және халқымыздың мүддесін ілгерілету. «Жуан жұдырық» алпауыт елдер ықпал ету кеністігі үшін «үшінші әлемде» киян-кескі қырғын салып, аласұра арпалысып жатқан кезеңде Қазақстан

азшылық елдерге азды-кем қорған болар халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысының үстемдігі үшін күресіп келеді. Бұл да – Қасым-Жомарт Кемелұлының потуалы пайымы. Ол мұны Шымкент қаласының жұртшылығымен жүздесу кезінде сыр қылып айтқан еді.

– Біз халықаралық қатынастарда әділеттілік, ішкі істерге араласпау, мемлекеттің егемендігі мен территориялық тұтастығын құрметтеу қағидаттарын нығайтуды аса маңызды санаймыз. Біздің сыртқы саясатымыз бұрынғыдай тенгерімді, көпбағытты және конструктивті болады. Қазақстан Ресеймен одақтастық қарым-қатынасты, Қытай-

мен мәңгілік стратегиялық серіктестікті, АҚШ-пен стратегиялық серіктестікті, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан секілді бауырлас Орталық Азия мемлекеттерімен және Түркиямен жан-жақты ынтымақтастықты, сондай-ақ Азияда, Таяу Шығыс немесе Еуропа құрлығында болсын, әлемнің барлық мүдделі мемлекеттерімен өзара тиімді байланыстарды одан әрі дамытуға бар күш-жігерін жұмсайды. Мұндай сыртқы саясат халқымыздың мүддесіне сай келетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 4-бетте)



ТІРШІЛІГІ ТҮЛЕГЕН ТЫҢ ӨҢІРЛЕР

Ұлытау облыс болғалы бүгінде бюджеті 178 млрд теңгеге жетіп, 20%-ға өскені, меншікті кірістердің үлесі 51%-ға дейін көтерілгені өңірдің өзін-өзі қаржыландыру мүмкіндігі кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.



→ 4

ЖЕЛБІРЕП БАЙРАҒЫ ӘЛЕМДЕ, ӘНҰРАН АЙТЫЛДЫ ӘР ЕЛДЕ

2000 жылы Сидней Олимпиадасында Бекзат Саттарханов 20 жасында топ жарды. Ол – Олимп шыңын бағындырған ең жас қазақ. Ал бокстан алғашқы алтынды Василий Жиров (1996 ж., Атланта) кеудесіне таққан.



→ 8



16 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



МӘДЕНИ ЖАДЫ – БІРЕГЕЙ ЕҢБЕКТІҢ ӨЗЕГІ

Астанада «Қазақтың ХХІ ғасырдағы дәстүрі мен құндылықтары» атты бірегей тұжырымдамалық жинақ көпшілікке таныстырылды. Іс-шараға Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, депутаттар, ғалымдар, сараптамалық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Мәулен Әшімбаев аталған рәсімнің мемлекеттік мереке — Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізілуінің символикалық мәніне назар аударып, бұл күнде бос науқанға жол бермей, терең мазмұн, дұрыс құндылықтар және ұзақмерзімді бағдарды дәріптеудің маңызы зор екенін айтты. Сондай-ақ ол кітаптың ұлттық бірегейлікті нығайту және жаңа қоғамдық этика қалыптастыру жолындағы ерекше рөліне тоқталды. Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы бұл маңызды бағыттарға үнемі баса мән беріп келе жатқанын атап өтті.

«Бірегейлік туралы бүгінгі сұхбатымыз Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев белгілеп берген идеологиялық бағдармен тікелей байланысты. Мемлекет басшысы жаңа қоғамдық этика қалыптастыруға, жауапкершілік мәдениетін ілгерілетуге, «Заң мен тәртіп» қағидатын дамытуға және қоғамға қызмет етуге дайын адал, білімді, кемелденген — «Адал азамат» идеологиясын нығайтуға айрықша көңіл бөліп келеді. Осы орайда «Реформалар мәні» сериясымен «Түркістан» газетіне жарияланған мақалам да аталған мәселеге арналғанын айта кеткен жөн. Мақалада қуатты мемлекеттік институттармен және тұрақты экономикамен қатар ұлттық

бірегейлік те Қазақстанның қазіргі таңдағы маңызды тіректерінің бірі екенін айтқан едім», — деп Сенат Төрағасы ауқымды зерттеулер жүргізгені үшін кітап авторларына алғыс білдірді.

Айта кетейік, жаңа жинақтың авторлары — бұған дейінгі еңбектері академиялық және қоғамдық дискурстың маңызды бөлігіне айналған белгілі зерттеушілер. Олардың қатарында Сенаттың жобаларына, оның ішінде Сарапшылар клубы мен Талдау мектебінің жұмысына белсенді қатысып жүрген Әлима Бисенова, Сұлтан Әкімбеков, Радик Темірғалиев секілді білікті мамандар бар.

Іс-шарада Мәулен Әшімбаев эмпирикалық деректермен қатар терең философия, мәдени жады және тарихи сана жаңа еңбектің бірегейлігін айшықтай түсетінін тілге тиек етті. Сондай-ақ кітапта салт-дәстүрлер мен шежіре бірегейлігі, коммеморативті тәжірибелер, отбасылық қатынастардың өзгеруі, қала өмірінің жаңа формалары, құндылықтардың құбылуы кенінен талданғанын атап өткен жөн. Мұндай тақырыптар оқырманға ұлттық мәдениеттің тірі, көпқырлы және динамикалық мәнге ие екенін көруге мүмкіндік береді.

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 18 желтоқсанда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев әріптестерін еркіндік пен егемендіктің символына айналған мемлекеттік мереке — Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Біздің басты мақсатымыз — мемлекеттілік пен ұлттық бірлікті нығайту және азаматтарды Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар төңірегіне топтастыру. Бұл күнді ел дамуының негізгі жетістіктері мен сын-қатерлерін терең саралайтын маңызды кезең деп қабылдаған жөн», — деп Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының Ішкі саясат мәселелері бойынша Жарлығына сәйкес бұл бағыттағы негізгі қағидаларға, құндылықтарға және басымдықтарға назар аударды.

Бекітілген күн тәртібіне байланысты сенаторлар алдағы бейсенбіде «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңды қарайды. Құжатта құқықбұзушылықтың алдын алу саласында адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды және сақтауды қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті сақтау және нығайту жөнінде маңызды нормалар бар. Отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқықбұзушылық профилактикасы және Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заң да қаралады.

Сонымен қатар Сенат отырысының күн тәртібіне «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң шығарылды. Бұл заңға сәйкес геологиялық ақпараттың ашық дереккөрі бар саланың негізгі



цифрлық инфрақұрылымы ретінде Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасын бекіту ұсынылады. Платформа қатты және кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және өндіру саласындағы барлық бизнес-процесті қамтиды.

Депутаттар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды да қарайды. Аталған заң арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару, жер пайдалану құқықтарын мұрагерлікке алу, сондай-ақ алименттік міндеттемелерді орындау мәселелерін реттейтін бірқатар заңнамалық актілерге түзетулер енгізіледі.

Сонымен қатар палата отырысында тағы басқа да заңдар топтамасы қаралады. Нақты айтқанда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қа-

зақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» заңдар Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Сондай-ақ палата отырысында алдыңғы аптада сенаторлар жолдаған «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында қаражаттың пайдаланылуын тиімді бақылау және «Дипломмен — ауылға» бағдарламасының жекелеген ережелерін қайта қарау туралы депутаттық сауалдарға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Канат Бозымбаевтың ауызша жауабы тыңдалады. Сенат Төрағасы атап өткендей, мәселенің маңызын ескере отырып, талқылауға мәслихат депутаттары мен басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысады.

Бюро отырысында депутаттар Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөліп берді және сенаторлардың 26 желтоқсан мен 11 қантар аралығында өңірлерде өтетін көшпелі отырыстары мен кездесулеріне қатысты мәселелер талқыланды.

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒА ЖЕТПЕС ҰЛЫ СЫЙ

Тәуелсіздік туралы көп айтамыз, бірақ оны әркім әрқалай түсінеді. Бірі үшін ол — тарихи күн, енді бірі үшін мемлекеттік рәміздер, ал кейбірі үшін күнделікті өмірде сезілетін еркіндік. Ал «мемлекет», «мемлекетшілдік» деген ұғымдардың өзі қоғамда әртүрлі мағынада қабылданады. Көп жағдайда бұл сөздер ресми мінберлерде айтылатын жалпы түсінік ретінде қабылданады да, оның адам өмірімен, қоғамның ішкі болмысымен байланысы екінші қатарда қалып қояды. Осы түсініктердің мәнін ашу, тәуелсіздіктің бүгінгі қоғамдағы орнын анықтау мақсатында біз әр сала мамандарын сөзге тартқан едік.

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,
тарихшы:

МЕМЛЕКЕТШІЛДІК ИДЕЯСЫНЫҢ ТҮП ТАМЫРЫ АНЫЗДАРДА ЖАТЫР

Мемлекет феноменіне қатысты кешенді зерттеулер отандық ғылымда әлі де жеткіліксіз. Әсіресе, мемлекет ұғымын тарихи эволюция тұрғысынан пайымдау мәселесі назардан тыс қалып отыр. Қазіргі заманғы мемлекет туралы түсінік пен дәстүрлі қоғамдағы мемлекет ұғымының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Бізге кезінде ұзақ уақыт бойы мемлекеттің пайда болуын адамдар арасындағы таптық қарама-қайшылықтың нәтижесі ретінде түсіндіріп келді. Яғни, бір әлеуметтік таптың екінші тапты қанау, езгіге салу мақсатында мемлекеттік билікті қалыптастырғаны жөніндегі маркстік-лениндік тұжырым қоғамдық санада орнықты.

Бүгінде де қоғамдық ой-санада осы әдіснамалық қаңқаның ықпалы сезіледі. Мемлекет пен тәуелсіздік мәселелерін талдауда біз әлі де сол идеологиялық шеңберден толық шыға алған жоқпыз.

Қазақ халқы мемлекетшіл халықтардың қатарына жатқызуға толық негіз бар. Бұған өткен ғасырдағы аға буын өкілдерінің, қариялардың күнделікті өңгіме-талқыларында мемлекетке қатысты мәселелердің тұрақты түрде көтеріліп отырғаны дәлел бола алады. Мемлекет тағдырына бейжай қарамау қазақ қоғамына тән құбылыс болды.

Қазақтың мемлекетшілдік идеясының түп-тамыры ауызша тарихи дәстүрде, аңыздар мен



шежірелерде жатыр. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежірелік деректерінде қазақ халқының үш жүз болып қалыптасуы және сол үш жүздің игі жақсыларының Алаша баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына көтеріп, елдік ант беруі баяндалады. Осы ант арқылы «Алаш» атауы елдің ортақ атына, ұранына айналған. Бұл рәсімде ортақ ұранға қосылмау елдікке қарсы әрекет ретінде қабылданған.

Жансая АКАНОВА,
әлеуметтанушы:

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАУІПСІЗ ОРТА

Тәуелсіздік деген ұғымды біз көбіне саяси еркіндікпен ғана шектеп аламыз. Ал, шын мәнінде, ол — қоғамның қалай ойлайтынын, адамдардың өз болашағына қалай қарайтынын айқындайтын кең ұғым. Мемлекет дегеніміз — тек аумақ пен билік емес, ең алдымен сол елде өмір сүріп жатқан адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін орта. Сол ортаның қауіпсіз, тұрақты әрі әділетті болуы қоғамның дамуына тікелей әсер етеді.

Әлеуметтанушы ретінде мен тәуелсіздіктің бар-жоғын заңдардан немесе ресми құжаттардан емес, адамдардың күнделікті өмірінен, олардың мінез-құлқынан, құндылықтарынан байқаймын.

Қазір жастардың білімге, жаңа мамандықтарға, өз ісін бастауға деген талпынысы айқын көрінеді. Көп адам бұрынғыдай тек мемлекетке үміт артпай, өзіне сенуге, өзін дамытуға бет бұрды. Бұл — тәуелсіз қоғам қалыптасып келе жатқанын көрсететін маңызды белгі.

Бүгінде адамдар өз ойын ашық айтуға, қоғамдық мәселелерге араласуға қорықпайды. Әлеуметтік желілер арқылы пікір білдіріп, түрлі бастаманы талқылауға қатысып жүр. Мұндай ашықтық пен белсенділік қоғамдағы тәуелсіздік институттарының біртіндеп нығайып келе жатқанын аңғартады.

Нұрсұлтан РАХЫМБАЙ,
PhD докторант:

ТАҒДЫРЫМЫЗҒА БІТКЕН СЫЙ

Осы орда бұзар жасқа дейін бірнеше мемлекетте болдым. Көрі құрлықтың құрамына кіретін барлық елге табаным тиді. Аллаға шүкір. Көрек қызықты көп көрмесін. Айтпағым, ұшқан құстың қанаты талатын қазақтың ұшы-қиыры жоқ даласын кен пейіліне берген ғой.

Былай қарап тұрсаң, бір Жамбыл облысының аумағына бірнеше Еуропа елдері емін-еркін сыйып кетеді. Ал біздің егеменді елімізде жалпы саны 17 облыс, 3 республикалық маңызы бар қала бар.

Жер көлемі бойынша тоғызыншы орында тұрақтаған еліміздің шұрайлы да, шырайлы шекарасы шегенделген. Көршімен жаға ұстасып, иық тіресіп, жанжалдасып жататын даулы мәселе жоқ. Бәрі заң шеңберінде шешімін тапқан.

«Тәуелсіздік — Тәңір берген тәтті сый». Қандай көңілге медеу, жүрекке жылу сыйлар тамырдан тап басып айтылған әдемі тіркес, ә? Шынтуайтында, қолда бар алтынның қадіріне жете бермейтініміз секілді, күнделікті тұрмыста пайдаланып жүрген дәл осы ұғымның байыбына бара бермейміз. Бұл өмірде қайсыбір қыбырлаған тіршілік иесі де иен далада еркін кезгісі келеді емес пе? Тура сол секілді ешбір адамзат баласы аяғы жіпсіз байланып, бозінгендей боз далада боздағысы жоқ. Бәріне әуелі — Отан, сосын тәуелсіз мемлекет және зайырлы қоғам қажет. Дәл осы тұрғыда біз — бір басында бағы бес елі болған алты Алаштың ұлы ұрпағымыз!

Жансая ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің физика-математика факультетінің магистранты:

ТӘУЕЛСІЗДІК ТЕК ПАФОС ЕМЕС

Мен үшін мемлекет — белгілі бір халықты біріктіріп тұрған ортақ жүйе. Оның өз жері, шекарасы, заңы, басқару тәртібі бар. Сол жүйе арқылы біз қоғам болып өмір сүреміз, өзара келісіммен әрекет етеміз, яғни күнделікті өміріміздің негізі. Ал Тәуелсіздікті өз тағдырыңды өзің шешу мүмкіндігі дер едім. Басқа бір елдің шешіміне тәуелді болмай, өз заңымызбен, өз тілімізбен, өз тандауымызбен өмір сүру.

Шынымды айтсаң, мен тәуелсіздікті күнделікті өмірдің ұсақ-түйегінен сезінемін. Қазақша еркін сөйлей алуымнан, ана тілімнің қоғамда қолданылып жатқанынан. Көшеде көк байрағымызды көргенде, спортшыларымыз жеңіп, әнұран шырқалған сәттерде ерекше әсер аламын. Шекарамыздың бар екенін, оны өз әскеріміз күзетіп тұрғанын ойлау да ішкі сенімді күшейтеді. Елде болып жатқан оң өзгерістерді, балалардың қазақ тарихын оқып, өз батырларын танып өсіп келе жатқанын көргенде, тәуелсіздіктің мәнін тереңірек түсінесін.

Меніңше, тәуелсіздік үлкен мінберлерде айтылатын пафосты сөз ғана емес. Ол — түнде алаңсыз ұйықтау, таңертең ояңғанда өз елінде, өз үйінде өмір сүріп жатқаныңды сезіну.

Дайындаған
Әсет ҚАЛИ

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



16 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Монокалаларды дамытудың кешенді жоспары экономикалық серпілістің драйвері болуға тиіс еді. Алайда іс жүзінде бұл жоспардың орындалмай қалу қаупі бар: қаржыландыру көлемі екі есеге жуық қысқарды, жүздеген жоба іске аспай қалды, ал негізгі шешімдер белгіленген мерзімде орындалмай отыр. Бүгінде Қазақстанда жалпы саны 20 моноқала бар, онда 1,3 миллионға жуық адам тұрады. Бұл қалалардың үлесіне елдегі өнеркәсіп өндірісінің үштен бірінен астамы тиесілі болғанымен, олардың басым бөлігі жойылу алдында тұр.

«AMANAT»: МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ТОҚЫРАУЫНА КІМ ЖАУАПТЫ?



Осы және өзге де мәселелер «AMANAT» партиясы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің отырысында талқыланды. Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев монокалалардың мәселелері Мемлекет басшысы тарапынан бірнеше рет көтерілгенін және бұл тақырып өңірлік саясаттағы ең өзекті бағыттардың бірі ретінде қалып отырғанын атап өтті. Ол дамудың кешенді жоспары сенімді экономикалық серпіліс құралы болуға тиіс екенін, алайда бірқатар бағыттың орындалмай тұрғанын атап өтті.

«Кешенді жоспар аясында жалпы сомасы 343,6 млрд тенгені құрайтын 315 іс-шара өткізу көзделген. Алайда өңірлер оның тек жартысына — 170,2 млрд тенгеге қол жеткізді. Әсіресе, республикалық бюджеттен қарастырылған қаржының небәрі 25%-ы ғана бөлінгені алаңдатады. Соның салдарынан жүзге жуық іс-шара мүлде жүзеге асырылмады. Бұл — жай ғана мерзімнен кешігу емес, монокалалардағы тұрғындардың тұрмысына тікелей әсер ететін жүйелік тиімсіздік. Бастапқы жоспарлау кате болған немесе іске асыру тетіктері түбегейлі қайта қарауды қажет етеді», — деді ол.

Партия Хатшысы Ержан Жылкыбаев монокалаларда еліміздегі өнеркәсіп өндірісінің үштен бірінен астамы орналасқанына қарамастан, онда инженерлік желілердің тозығы жеткені, жұмыс орындарының тапшылығы, көлік қолжетімділігінің төмендігі және бір кәсіпорынға тәуелділік сияқты қордаланған мәселелер бар екенін атап өтті.

«Бүгінде өңірлер бөлінген қаржыны толық игере алмай отырғанын көріп отырмыз. Мәселен, бір ғана Алтай қаласының өзінде 400 миллион теңге игерілмей тұр. Егер қаржы дұрыс пайдаланылмайтын болса, бюджетке қайтарылады. Сондықтан нысандарға барып, мердігерлермен тікелей жұмыс істеп, әрбір кезенді қатан бақылауға алуды талап етемін. Тәртіп орнамаған жерге қаржы ұдайы бағыттала бермейді.



Индустриялық аймақтар бойынша да осындай жағдай: Премьер-министрдің тапсырмасы болғанына қарамастан, Хромтауда жұмыс әлі де басталған жоқ. Мұндай жиынды мәселелер ашық айтылып, оның нақты шешімін табу үшін өткізіп отырмыз. Бұл — Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы, сондықтан ол міндетті түрде орындалуға тиіс», — деді Ержан Жылкыбаев.

Ал Мәжіліс Төрағасының орынбасары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Альберт Раудын айтуынша, біршама инфрақұрылымдық мәселелердің шешілгеніне қарамастан, басты міндет — жана экономиканы іске қосу қадамы орындалған жоқ. Сондай-ақ ол көптеген негізгі жоба қағаз жүзінде қалып отырғанын мәлімдеді. Ал мемлекет бірқатар қаланың ресурстары

таусылатынын алдын ала біле тұра, уақытты шара қабылдамай отыр.

«Он екі жылдық тәжірибе көрсеткендей, жекелеген жетістіктер өңір жағдайына түбегейлі өзгеріс енгізген жоқ. Біз қай жерлерде өндіріс тоқтайтынын біліп отырдық, соған қарамастан жұмыс орындарының жойылуына жол бердік. Тарифтер жыл сайын 16-19 пайызға өсіп отыр. Мұндай жағдайда инвестор тарту қиын. Президенттің монокалалардағы тұрғын үйге қатысты тапсырмасы екі жылдан бері орындалмай келеді. Егер Үкімет нақты әрі белсенді әрекет етпесе, монокалалар тағы да даму мүмкіндігінен айырылған аймақтарға айналуы мүмкін», — деді Мәжілістің вице-спикері.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Юлия Кучинская біртұтас мемлекеттік саясаттың жоғуына назар аударды. Оның айтуынша, Экономика министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі мен өңірлер бір моноқала бойынша өзара қарама-қайшы жауаптар беріп отыр. Тиісінше, бұл жүйелі жоспарлауға келергі келтіруде. Оның айтуынша, іс-шаралардың формалды түрде орындалуы қаланың экономикалық даму перспективаларын нақты бағалауға мүмкіндік бермей отыр. Жолдар, сенімді инженерлік желілер және білікті кадрлары жоқ Степногорск қаласы мысалында, дата орталықтар салу идеясының талқылануы — соның айқын мысалы.

«Бүгінде монокалалар «акку, шортан һәм шаянның» күйін кешуде. Инфрақұрылым саламыз, алайда экономика қайда, кәсіпорындардың болашағы қандай, өнім қай нарыққа экспортталады, жана өндірісте кім жұмыс істейді деген сұрақтарға жауап жоқ. Осылайша, қанырап қалған қалалар пайда болып отыр: желілер бар, ғимараттар бар, бірақ тұрғындар жаппай көшуде. Монокалаларды дамыту бағдарламасы сәтсіздікке ұшырады. Егер оны өңірлік жоспарларға енгізетін болсақ, бұл жұмыс ведомстволық есеп істемей, нақты жауапкершілікпен атқарылуға тиіс», — деді ол.

Отырыс барысында Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола және Қарағанды облыстары әкімдерінің орынбасарлары да баяндама жасап, өз өңірлеріндегі монокалалардың ахуалы туралы мәлімет берді. Отырыс қорытындысы бойынша «AMANAT» партиясы Кешенді жоспардың орындалуын күшейту, қаржыландыру тетіктерін қайта қарау, әртараптандыру жобаларын жеделдету және монокалалардың индустриялық-инвестициялық әлеуетін кеңейту қажет екенін атап өтті. Баламалы жұмыс орындарын құруға, инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға және әлеуметтік ортаның — мектептер, ауруханалар, спорт нысандары мен тұрғын үйлердің сапасын арттыруға басты назар аударылды.

БЕЛСЕНДІ ЖАС АЗАМАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ



Астана қаласында «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының республикалық «Рухтастар» сыйлығы табысталды. Биыл бесінші рет ұйымдастырылған іргелі іс-шарада қоғамдық бастамаларға айрықша үлес қосқан еліміздің ең белсенді жас азаматтары марапатталды.

Салтанатты рәсімге Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері және белсенді жас көшбасшылар қатысты. Айта кетейік, биыл байқауға 18 бен 35 жасаралығындағы жастардан 500-ден астам өтінім келіп түсті. Жалпы, осы жылдар аралығында 100-ге жуық жас азамат «Рухтастар» сыйлығының иегері атанды. Әр марапат — еңбекпен келген жетістіктің және тынымсыз ізденістің нағыз үлгісі.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек жастардың ел дамуындағы рөліне тоқталып, бұл марапаттың қоғамдық маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында атап өткендей, өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм — болашаққа деген шынайы ұмтылыс және бұл — қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Білімді жастар — бұл елдің басты капиталы әрі оң өзгерістердің негізгі қозғаушы күші. Бүгінгі жас буынның қоғамға пайдалы болуға, жаналық ашуға, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы артып отырғаны байқалады. Біз осындай жігерлі, ынталы жастарды құрметтейміз. «Рухтастар» сыйлығы баршамызды ортақ мақсат жолында бірігіп, Әділетті Қазақстанды құруға қарай нық қадам басуға шабыттандырады», — деді ол.

Ал «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова бұл сыйлық — еліміздегі ең белсенді, табанды және рухты жастардың еңбегі бағаланатын маңызды марапат екенін мәлімдеді.

«Бүгін біз еліміздегі 17 өңір мен 3 қаладағы ең белсенді жастарды бір алаңға жинадық. Олар жыл бойы өңірлерде атқарылған көптеген әлеуметтік, мәдени,

экологиялық және волонтерлік жобаға жан-жақты үлес қосып, жастар саясатының дамуына елеулі еңбек сіңірді. Бұл марапат — олардың еңбегіне деген құрметіміздің белгісі ғана емес, алдағы жұмыстарына көрсетілген үлкен сенім», — деді ол.

Оның айтуынша, үздіктерді іріктеу барысы бірнеше кезеңнен тұрды. 25 қарашадан 3 желтоқсанға дейін өтінімдер «Жастар Рухының» ресми сайтында қабылданып, кейін республикалық конкурс комиссиясының қарауына жіберілген.

«Кайсар» жыл батыры номинациясымен Қазақстан-Америка еркін университетінің студенті Ерасыл Омарханов (Шығыс Қазақстан облысы) марапатталды. Ол Үлбі өзеніне батып бара жатқан жас баланы құтқарып, ерен ерлік танытты.

«Нұрлы ақыл» үздік жас ғалым номинациясына PhD доктор, Казак егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Органикалық егіншілік зертханасының аға ғылыми қызметкері Алтынай Жақатаева (Алматы облысы) лайық деп танылды. Ол 30-дан астам ғылыми еңбектің авторы. Агрошаруашылықтарға дақылдарды аурулардан және зиянкестерден қорғау, органикалық технологияларға көшу, тиімді агротехникалық әдістерді енгізу бойынша әдістемелік қолдау көрсетіп келеді.

«Ыстық қайрат» еңбек адамы номинациясымен «Қазақстан алюминийі» АҚ филиалы электр стансасының капиталды жобалар бөлімінде құрылыс-монтаж және іске қосу-реттеу жұмыстары бойынша сарапшы Жангелді Жанат (Павлодар облысы) марапатталды. Ол электр стансасының инфрақұрылымын жаңғыртуға,

жылу-энергетикалық тиімділікті арттыруға, сондай-ақ бірқатар күрделі құрылыс бағытындағы инвестициялық жобаны жүзеге асыруға белсене атсалысты.

Сондай-ақ осы номинацияны Шығыс Жезқазған кенішіндегі №57 шахта жарушысы, өндіріс саласындағы жастардың белсенді өкілі, волонтер, спортшы Асылхан Тұрғамбеков (Ұлытау облысы) иеленді.

«Жылы жүрек» жыл еріктісі номинациясына жүздеген әлеуметтік жобаға қатысып, қоғамға нақты үлес қосқан академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің студенті Зият Садвақасов (Қарағанды облысы) және әлеумет, білім беру, мәдениет, экология салаларындағы волонтер, С.Торайғыров атындағы университет студенті Разия Қалиасқар (Павлодар облысынан) лайық деп танылды.

«Жылдың әлеуметтік жобасы» номинациясында Алтай-про туристік фирмасының негізін қалаушысы Екатерина Орлова (Шығыс Қазақстан облысынан) жеңімпаз атанды. Оның жобасы экотуризмді дамытуға және табиғатты қорғауға бағытталған басқа да шараларды қамтиды.

Сонымен қатар «Белсенді рухтас» жыл белсендісі номинациясы бойынша еліміздің түкпір-түкпірінен келген 20 азамат марапатталды. Бұдан бөлек, «Жастар Рухы» қолдаушысы номинациясын талантты жастардың бастамаларына қолдау көрсетіп жүрген спортшы, аралас жекпе-жек (ММА) шебері Арман Оспанов, Алматы облыстық мәслихат депутаты, филиал жанындағы Жастарды қолдау кеңесінің төрағасы, «Чемпиондық рух» жобасының амбасадоры Нұрсұлтан Орынбаров, «Жайдарман» ойындарының ұйымдастырушысы Жанасыл Болатбек, Павлодар облыстық мәслихат депутаты, Жастарды қолдау кеңесінің төрағасы Айдар Курумбаев, Павлодар қалалық мәслихат депутаты, «Крендель» ЖШС директоры Мадина Музапарова алды. «Жастар Рухы» жастар қанатының ең үздік бөлімшелері — Ақмола облысы Бұрабай ауданы және Жамбыл облысы Тараз қаласы.

«Біздің бөлімшенің ең үздік деп танылуы — әріптестеріміздің ортақ жеңісі. Бұл марапат бізді одан әрі жауапкершілікпен жұмыс істеуге ынталандырады. Биыл біз әлеуметтік, экологиялық және білім беру бағыттарында бірнеше жобаны жүзеге асырдық. Алдағы уақытта да өзіміздегі жастар саясатын дамытуға үлес қоса береміз», — деді «Жастар Рухы» жастар қанатының Ақмола облысы Бұрабай аудандық бөлімшесінің өкілі Әлішер Баймұқанов.

Ал «Үздік филиал» номинациясын «Жастар Рухы» жастар қанатының Қызылорда облыстық және Шымкент қалалық филиалдары иеленді.

AMANAT BARYSY ТУРНИРИ ӨТТІ

Еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының бастамасымен қазақ күресінен AMANAT BARYSY турнирі өтті. Облыстық партия филиалының «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен өткізілген кеңауқымды турнирге өңірдегі барлық аудан мен қаладан 25 балуан қатысты.



Ұлттық рухты көтеретін жарыстың ашылуы Төлеби ауданы Ленгір қаласындағы «Тағай» спорт кешенінде өтті. Жастарды жаны мықты, тәні шымыр болуға жетелейтін жарыстың ашылуына «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Алтынсары Ұмбеталиев, Түркістан облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ғалымжан Худияров, Төлеби ауданының әкімі Еркеғали Әлімқұлов, Төлеби аудандық мәслихатының төрағасы Нұрлан Қойбағаров, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Ғалымжан Елшібай қатысты.

Облыстық партия филиалының төрағасы жарысқа қатысушылар мен жанкүйерлерді тұрақтылық пен тұтастықтың символы болған Тәуелсіздік күнімен құттықтап, қазақтың ежелден келе жатқан балуандық дәстүрін жаңғырту қоғамның да, ұрпақтың да дамуына қызмет ететін бастама екенін айтты.

«Тәуелсіздік — халқымыздың ең қасиетті құндылығы, елдік рухымыздың негізі, мемлекетіміздің берік тұғыры. Осы ұлық мереке қарсаңында өтіп жатқан AMANAT BARYSY турнирінің маңызы ерекше. Қазақ күресі — елдік мінезді, ұлттық рухты, адал бәсеке мен батырлықты

насихаттайтын үлкен мектеп. Ұлтымыздың ежелден келе жатқан күрес өнері — ұлттың мінезін, күш-қайратын, табандылығын танытатын рухани байлығымыз. Бабалардан жеткен осы дәстүрді қазіргі ұрпаққа аман жеткізу — біздің парызымыз», — деді Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Аудан тұрғындары мен қонақтарына игі тілегін арнаған аудан әкімі Еркеғали Амантайұлы AMANAT BARYSY турнирінің Төлеби ауданында өтуіне қолдау көрсеткен облыстық партия филиалына, жарыстың жоғары деңгейде ұйымдастыруына үлес қосқан аудандық мәслихат депутаттарына алғысын жеткізді.

AMANAT BARYSY жобасы — биыл республикамызда алғаш рет партия бастамасымен өтіп жатқан іс-шара. Түркістан облысында ұлттық мәдениетіміздің алтын арқауы саналатын қазақ күресі ғасырлар бойы ұлт рухын, ерлік пен батырлық болмысын қалыптастырған көне спорттық ойындар ретінде дәріптеледі. Түркістанды тарихи орталық қана емес, халқымыздың жауынгерлік дәстүрі қалыптасқан аймақ ретінде таныту — партияластарымыз абыроймен атқаратын іс деп білеміз.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасында өңірде

бұқаралық спортты дамыту бағыты бойынша бірқатар маңызды міндет белгіленген. Салауатты ұлтты қалыптастыру, партиялас әріптестердің спорттық белсенділігін арттыруда жуырда Қазығұрт ауданында облыстағы бастауыш партия ұйымдары арасында футболдан турнир өткізілді. Бұл іс-шара ортақ мақсат аясында біріккен азаматтар арасында ұжымдық ынтымақтастықты күшейтіп, партияның өзегі саналатын бастауыш ұйымдардың белсенді қызметін қамтуға серпін берді. Осы дәстүрді жалғастыра отырып, алда партияластар арасында волейболдан да сайыстар өткізу жоспарда бар көрінеді.

Партияның «Жастар Рухы» жастар қанатының бастамасымен «Чемпиондық рух» жобасы қолға алынып, оның аясында елімізге белгілі сандақ спортшылармен кездесулер, жаттығулар өткізу үрдісі қалыптасты. Осы мазмұндағы іс-шара кеше ғана Түлкібас ауданында өтіп, оған бокстан әлем чемпиондары ағайынды Махмұт және Төрхан Сабырхандар қатысты.

AMANAT BARYSY алаңында өткен әр белдесу нағыз жігіттік мінездің, төзім мен шеберліктің көрінісі болды. Балуандар өздерінің ерік-жігерін, табандылығын, ұлттық рухқа адалдығын көрсетті. Белдесулер басталған сәттен-ақ алаңда қайсарлықтың лебі сөзді. Татамде өнер көрсеткен балуандардың бірі шалт қимылмен қарсыласын шалып жықса, бірі күтпеген тұстан қарсыласын атып ұрып жанкүйерлерді ду еткізді.

Жарыстар қорытындысымен AMANAT BARYSY турнирінің III орын иегері болып Бөйдібек ауданының намысын қорғаған Бекқұлұлы Әлфараби танылды, ол 200 мың теңгенің сертификаты иегері атанды. Ақтық сайыста Отырар барысы Шорабек Ерсұлтан мен Шардара барысы Шамшилинوف Кайсар белесті. Ақтық сайыста шардаралық балуанның асығы алшысынан түсіп, AMANAT BARYSY атанды. Турнир жеңімпазына 500 мың теңгенің сертификаты бұйырса, отырарлық балуан күміс жүлдегер атанып, 300 мың теңгенің сертификатын алды.

СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ САЛИҚАЛЫ ҰСТАНЫМ

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

Қазақстан бүгінде БҰҰ және оның МАПАТЭ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЮНКТАД, ЮНИДО, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық еңбек ұйымы, Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), Халықаралық валюта қоры, БҰҰ Даму бағдарламасы сияқты әртүрлі саланы қамтитын көптеген ұйымның сыртында ДСҰ, ЕҚЫҰ, АӨШК, ТМД, ШЫҰ, ҰКШҰ, Ислам елдері мен Түркі мемлекеттерінің түрлі ұйымына — жалпы саны 180-ге жуық ұйым мен бірлестікке қосылды.

Ресей саясаттанушылары қоғамының талдау орталығының директоры Андрей Серенко Қазақстан Президенті К.Тоқаевтың сонау 90-жылдардан бері елдің сыртқы саясатының бастауларында тұрған, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болған әлемдік деңгейдегі кәсіби дипломат екенін еске салды. Саясатта мұндай бэкграунд жоғары бағаланады: геосаяси картадағы қозғалыстың даму барысын болжай танып, бірнеше жүріске алға оза бағамдауға Қазақстан лидерінің қабілеті-қарымы жетеді.

Ол Ресей, Қытай, Орталық Азия және Батыс мемлекеттері сияқты стратегиялық маңызды елдермен және аймақтармен тығыз әрі тиімді дипломатиялық байланыстарды, саяси серіктестікті жаңаша дамытты. Саясаттанушының айтуынша, Тоқаевтың қызметі әлемдегі және аймақтағы күрделі геосаяси жағдайда көпекторлықты сақтап қалуымен, алыс-жақын елдермен өзара пайдалы, прагматикалық ынтымақтастықты өркендетуімен, Қазақстанның «Орта держава» рөлін күшейтуімен құнды.

ӨЗ ҰЯМ — ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

Мемлекет басшысының сыртқы саясатының стратегиялық басым бір бағыты — Орталық Азиядағы өңірлік кооперацияны өрге сүйреуді қарастырады. Тоқаев тұсында өңір ішіндегі интеграция Қазақстанның №1 басымдығына айналды, еліміздің сыртқы саясаты «глобализмнен» «сындалры регионализмге» бет бұрды. Өңірдегі барлық республика — Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан арасында тұңғыш рет «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа» қол қойылды. Құжат Қазақстан лидерінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №963 Жарлығымен бекітіліп, Парламент ратификациялады.

Қазақстан бастамашы болған бұл тарихи құжат аясында Орталық Азия мемлекеттері экономикалық, су-энергетикалық, көліктік,



логистикалық, туристік және мәдени-гуманитарлық әлеуетін бірге әрі жан-жақты дамытуға бағытталған өңірлік кооперацияны жолға қояды. Сондай-ақ аталған шарт шеңберінде ОА елдері өзара туындаған барлық дауды тек бейбіт жолмен шешуге, сонымен қатар араға сыртқы күштер сына қағып, іріткі салмауы үшін бір-біріне қарсы бағытталған әскери, саяси және басқа блоктарға кірмеуге міндеттеме алды.

Түркі әлеміне жататын түбі, төркіні бір елдер бірігіп, тәуелсіздікті талап етпеуі үшін патша өкіметі, кейінде — Кеңес Одағы Орталық Азия елдері арасында түрлі сипаттағы араздықты қоздыруға тырысты, бір республиканың жерін, тұтас облыстарын екіншісіне қосып, территориялық жанжалды қоздырды. Бағзы замандардан бері халықтар бірге пайдаланып келген су көздерін — өзен, көл, дарияларды әділетсіз бөліске салды. Тәуелсіз Қазақстанның басшылығына осы және басқа да мемлекетаралық түйткілердің түйінін тарқатуға тура келді.

Бұл тараптағы тарихи саяси келісімдердің арасынан 2022 жылғы «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты» тілге тиек етуге болады. Осы стратегиялық құжат арқасында Қазақстан мен Өзбекстан жаңа тарихында алғаш рет қалыпты стратегиялық серіктестіктен толыққанды одақтастыққа көшті.

Бір қызығы, осы тарихи шартта НАТО-ның «5-ші параграфы» үлгісінде қазақ пен өзбек елдерінің сыртқы жаудан бірлесе қорғануын қарастыратын «5-бап» пайда болды. «Тараптар сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік салаларында өзара тығыз іс-қимылдар жасайды. Тараптар екі

мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында әскери-техникалық саладағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды нығайтады», — делінген онда.

Мұның сыртында Орталық Азия бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара тиімді әскери ынтымақтастық жасайды. Басқаша айтқанда, Астана мен Ташкент бүкіл өңірдің қауіпсіздігінің өзіндік бір кепіліне айналуда тиіс. Қ.Тоқаев өңір тұрақтылығының темірқазығы ретінде «Астана-Ташкент тандемін» құрды.

Қазақстанның халықаралық аренадағы қайсарлы, табанды іс-қимылдары арқасында ОА өңірі дара субъектілікке ие болды. Ғұлама Абайдың «Толық адам» пәлсапасына сәлсак, Орталық Азия «Толық өңірге» айнала бастады. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Енді ол өз қауіпсіздігін сыртқы ойыншыларсыз-ақ қамтамасыз етуге қауқарлы болуға қадам жасады.

Геосаяси ойындардың нысан-объектісі емес, ойыншы-субъектісіне айнала алғандықтан, Орталық Азиямен дос болуды қалағандар көбейді. Қазақстанның тікелей қолдауымен «ОА+Қытай», «ОА+АҚШ», «ОА+Германия», «ОА+Еуропалық Одақ», «ОА+Жапония» сияқты ынтымақтастықтың жаңа форматтары дамытылып жатыр. Онда басты назар экономикаға, қауіпсіздікке және ортақ сын-қатерлерге қатысты мәселелерге шоғырландырылады.

Тату-тәтті араласу және өзара кооперациялану арқасында 2024 жылы өңір ішіндегі сауда-саттық көлемі 11,5 миллиард долларға жетті. Мұндай көрсеткіш бұрын-соңды болмаған екен. Аймақ елдері бұл рекордқа

тоқмейілісіп, тоқтап қалмайды. Енді осы көрсеткішті 20 миллиард долларға жеткізуге уағдаласып отыр.

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БІР КЕПІЛІ — ҚЫТАЙ

Шығыс көршінің тілін білетін және 90-жылдардан бері оның тілін таба білген Тоқаев тұсында қытайлық вектор теңдессіз экономикалық және саяси мазмұнмен толықты. 2023 жылғы қарашада екі ел тарихында тұңғыш рет Қазақстан мен Қытай арасында визасыз режим енгізілді және бүгінде қытайлар қазақ еліне еш шектеусіз еркін кіріп, 30 күн бойы қалауынша қозғала алады. Екі ел арасындағы сауда айналымы екі ел тарихында ешқашан болмаған ең жоғары көрсеткішке — 44 миллиард долларға жетті. Болашақ меже 100 млрд болса керек.

2023 жылғы 17 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен барғанда, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «Қазақстан мен Қытай өз қатынастарының жаңа «алтын 30 жылдығына» қадам басқанын» ресми жариялады. Бұдан бөлек, 2023 жылғы «Сиань декларациясында» ҚХР Қазақстанның территориялық тұтастығы мен егемендігіне кепілдік беретінін жазып көрсетті. Екі көрші бүгінде жаңа Жібек жолын, «Бір белдеу мен жол» бастамасын және Транскаспий халықаралық көлік бағытын бірлесе дамыту үстінде.

СЫРТҚЫ САЯСАТ ҚҰТЫ — КӨПВЕКТОРЛЫҚ

Қазақстанның «Еуропаға жолы» жаңа форматта өркен жайып келеді. АҚШ-пен және Еуроодакпен ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстан басшылығы

«шикізат — технология мен инвестицияға айырбас» формуласын ілгерілетеді. 2020 жылы өзара қарым-қатынастардың 29 саласын қамтитын Еуропалық Одақпен арадағы Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім қолданысқа енгізілді. Бұған қоса, Қазақстан сирек жер металдарының жеткізілімін батыстық озық және жасыл технологияларға алмастырады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 6 қарашадағы Вашингтонға сапары да Астананың әлемдегі №1 державамен арасындағы ықпалдастығының жаңа парағын ашты. Қол қойылған және бүгінде іске асырыла бастаған келісімдер Қазақстан мен АҚШ үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, инвестиция салуға, өнеркәсіп пен бизнесті қолдауға септігін тигізетін экономикалық ықпалдастық арқылы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға орайлы мүмкіндік туғызуға тиіс.

Қазақстан лидері Түркі әлемімен және Ислам әлемімен ынтымақтастыққа да ерекше көңіл бөледі. 2021 жылы Түркі кеңесі Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) трансформацияланды. Мемлекет басшысы түркі әлеміне қатысты ұйымның бөрінің мәртебесін көтеруді белсенді қолдады. Қазақстанның жағдайы аталысуымен тұңғыш рет «Түркі әлемінің келешегі — 2040» стратегиясы қабылданды. Мәселен, бір ғана Түркиямен арамыздағы сауда-саттық көлемі 2024 жылы 5 миллиард долларға жетті және алда оны екі еселеу міндеті тұр. Қазақстан Ресеймен, Иранмен, араб елдерімен де түрлі деңгейде белсенді саяси байланыс орнатып, санқырлы ынтымақтастықты тереңдетуге ден қойды.

Әділін айтқан жөн, Қазақстанның қазіргі және келешектегі барлық лидерінің ішкі және сыртқы саясаттағы жетістіктерінің іргетасы Азаттықтың ақ танында қаланды. Бұған негіз болған ең басты құжаттар — 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Егемендік туралы декларация және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы заң.

Еліміз бодандықтан бостан күнге жете алуының арқасында сыртқы күштердің қысымына қарайламай, ұлттық мүддесіне нық сүйенген, саналы тенгерім мен сенімді серіктестікке құрылған дипломатиясын құра алды. Өз кезегінде дипломатия Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайтуға сүбелі үлес қосып жатыр. Әлем блок-блокке бөлініп, бүлініп жатқанда, Қазақстан сыртқы саясатта ең күрделі, бірақ жетік пен жетістікке жеткізетін стратегияны — «проактивті көпект-орлықты» тандап, тоқтаусыз жетілдіріп келеді. Осының арқасында еліміз ханандық алып державалардың айналасын ор қылған «Үлкен ойынында» есе жібермей, ұпайын түгендеп, бейбіт аспан астында алға баса беретін болады.

ТІРШІЛІГІ ТҮЛЕГЕН ТЫҢ ӨҢІРЛЕР

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары әкімшілік-аумақтық құрылым бірнеше рет оңтайландырылып, бірқатар облыс біріктірілді. Сол реформалар кезеңінде бүгінгі Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының аумақтары да ірі облыстардың құрамына қосылған еді. Мәселен, Семей өңірі бұрын Семей облысы ретінде бөлек басқарылды да, кейін Шығыс Қазақстанмен біріксе, Талдықорған өңірі Алматыға, Жезқазған аймағы Қарағандыға қосылды. Уақыт өте келе жаңа экономикалық талаптар, өңірлер арасындағы дисбаланс пен инфрақұрылымның тозуы және тиімді басқару мәселелері күн тәртібіне қайта шықты. Нәтижесінде, Мемлекет басшысының бастамасы негізінде 2022 жылдан бастап бұл үш аймақ қайтадан облыс мәртебесін алып, жаңаша даму кезеңіне қадам басты. Тәуелсіздік күні қарсаңында жаңғырған жаңа облыстардың әлеуметтік-экономикалық келбеті мен олардың дамуында қандай ортақ үрдістер барын сараладық.

А Кәмила ДҮЙСЕН

ҰЛТТЫ ҰЙЫТҚАН ҰЛЫТАУ

Ұлытау — жаңа облыстардың ішінде индустриялық салмағы ең жоғары өңірлердің бірі. Бұл аймақтағы басты ерекшелік — экономикалық көрсеткіштердің басым бөлігі өнеркәсіпке тиесілі. Сондықтан өндірістігі кез келген оқиға бүкіл аймақ динамикасына тікелей әсер етеді. Биылғы жылы «Жомарт» кеңініндегі апат салдарынан жұмыстың уақытша тоқтауы өнеркәсіп көрсеткішін төмендетіп, жалпы индикаторды тежеуге ықпал еткені айтылды. Кейін өндіріс қайта жанданды, бұл жыл соңына дейін жоспарланған нысаналы көрсеткішке шығуға мүмкіндік берді деген болжам бар. Бірақ мұнда маңызды қорытынды туындайды: өңірдің тұрақтылығы үшін бір ғана кен орны немесе бір ғана корпорацияның өндірістік ырғағына тәуелділікті



азайту — стратегиялық міндет. Осы мақсатта соңғы екі жылда инвестициялық саясат күшейіп келеді. Әкімдік ұсынған деректерге сүйенсек, былтыр 34 млрд теңге болатын 9 жоба қосылса, биыл 138 млрд теңгелік 17 жоба басталған. Мұнай базасы, жел электр стансасы, респиратор шығару зауыты сияқты жобалардың аяқталуы әртарапандырудың алғашқы нәтижесі ретінде көрінеді. 2028 жылға дейін 920 млрд теңгелік 25 жобалық пул қалыптастырылып, 2 мыңнан астам жұмыс орнын ашу жоспары бар, яғни жаңа экономика «жекелеген жобалар» деңгейінен «портфель» деңгейіне өтуге талпынып отыр.

Ұлытау облыс болғалы бүгінде бюджеті 178 млрд теңгеге жетіп, 20%-ға өскені, меншікті кірістердің үлесі 51%-ға дейін көтерілгені өңірдің өзін-өзі қаржыландыру мүмкіндігі кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге республикалық бюджетке түсімнің азаюы ірі көсіпорындардан корпоративтік табыс салығы төмендеуінен болғаны айтылды — бұл да өнеркәсіптік тәуелділіктің екінші қыры. Әлеуметтік сала облыстық бюджетте шамамен 50% үлес алып, міндеттемелер орындалып жатыр деген мәлімет бар. Жұмыспен қамтуда 2 200 жұмыс орны құрылып, 8 200 адам жұмысқа орналастырылған, жұмыссыздық 4,1% деңгейінде, бұл республикалық көрсеткіштен төмен. Орташа жала-

қынын 7,5% өсуі де — оң динамика. Дегенмен өңір өмір сапасын көтеруде ТКШ, жылу, су, электр желілерінің тозуы, газдандырудың төмен деңгейі сияқты ұзақмерзімді «ауыр» міндеттермен бетпе-бет келіп отыр. Осы бағытта су желілерін жаңғырту, жылу желілерін жөндеу, электр инфрақұрылымын жанарту және газдандыру жобалары жүргізіліп жатқаны көрсетілген. Бұған қоса, қоғамдық қауіпсіздік пен цифрландыруда жасанды интеллект элементтері енгізіліп, камералар орнатылуда. Қысқасы, Ұлытау бүгін «өнеркәсіп — бюджет — инфрақұрылым» үштігін тең ұстауға тырысқан өңір: өндіріс тұрақтылығы болса, әлеуметтік және инфрақұрылымдық міндеттерді жылдамдатуға ресурсы артады, ал әртарапандыру іске асса, тәуекел біртіндеп азаяды.

АБЫРОЙЫ АСҚАН АБАЙ

Қайта құрылған өңірлердің ішінде «инфрақұрылымдық жүктемесі» ең ауыр аймақтардың бірі болған Абай облысы еді. Өйткені жаңа әкімшілік мәртебе тек басқару орталығын қайта ашу емес, ұзақ жыл назардан тыс қалған жылу, су, жол, қала құрылысы, әлеуметтік нысандар мәселесін кешенді түрде көтеруді талап етеді. Дегенмен бүгінгі көрсеткіштер көңіл көншітерік. Мәселен, биыл алғашқы тоғыз айда әлеуметтік-эко-

номикалық салалар оның ішінде көлік, байланыс, өңдеу өнеркәсібі, ішкі сауда, ауыл шаруашылығы, инвестиция бойынша өсім көрсеткен. Сондай-ақ қантар-қазан аралығында бюджетке 441,4 млрд теңге салық пен төлем түсіп, облыс бюджетінің көлемі 500,9 млрд теңгеге жетті. Түскен қаражаттың 45,4%-ы әлеуметтік салаға бағытталып отыр. Бұл шешім әлеуметтік тұрақтылықты ұстауға бағытталып отырғанын көрсетеді.

Қазір Абай облысының басты бағыты әртарапандыру және көлік-логистика әлеуетін іске қосу болып отыр. Мәселен, «Аягөз — Бакты» теміржол желісі құрылысы — өңірдің ғана емес, елдің транзиттік мүмкіндігін кеңейтетін ірі жоба. Мұндай инфрақұрылымдық жобалар өңір экономикасына «тікелей табыстан» гөрі жанама мультипликатор арқылы әсер етеді: жүк ағымы артса, қызмет көрсету, сауда, қоймалау, жөндеу, шағын өндіріс қатар дамиды. Индустриялық аймақты кеңейту, шағын өнеркәсіп паркін құру, Семейдің жаңа шағын ауданын қайта жоспарлау — урбанистикалық және өндірістік саясаттың бір-бірін толықтыруын көздейді. Сонымен қатар шетел инвесторларымен меморандумдар, нақты жобалар (чиптер, ағаш өңдеу, қойма-базар сияқты) өңірдің жаңа өнеркәсіптік базасын құруға ұмтылғанын көрсетеді.

Облыста туризм саласы жеке драйвер болуға сұранып-ақ тұр, атап айтқанда, музейлер, киелі орындар, Алакөл, табиғи резерваттар халықаралық деңгейде де насихаттауға тұрарлық нысандар. Бірақ туризмнің жетекші салалардың біріне айналуы инфрақұрылымға тікелей тәуелді. Сондықтан Алакөл жағалауына қаржы бөліп, құтқару стансасы, өрт депосы, электр желісі, қалдық полигон сияқты базалық жобаларға кірісу «көрікті жерді» қызмет көрсетілетін аймаққа айналдырудың алғышарты болды. Цифрлық даму мен жасанды интеллект бағыты да өңірдің жаңа күн тәртібі ретінде көрінеді: «Ақылды қала» жобалары, ауыл интернеті, талшықты-оптикалық жоспар, спутниктік технологиялар — өңірлік теңсіздікті азайтатын құрал. Ал ауыл шаруашылығында өнім өсімі, субсидия, техника жанарту, суармалы жерлерді ұлғайту жоспарлары берілген. Қорыта айтқанда, Абай облысы үшін негізгі формула — «инфрақұрылым + логистика + әртарапандыру»: жылу, су, жол секілді базалық

мәселелер шешілген сайын инвестицияның да сапасы өседі.

ЖЕР ЖӘННАТЫ — ЖЕТІСУ

Экономикалық өсімнің қарқыны жоғары өңірдің бірі —Жетісу облысы. Жуырда ғана бөлініп шықса да 2023-2024 жылдары жалпы өңірлік өнім өсімі бойынша республикада үздік шығуы, 2024 қорытындысында өнім көлемінің 2,2 трлн теңгеге жетіп, 14,8% ұлғаюы — өңірдің жоғары қарқын алғанын аңғартады. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 3,2 млн теңге, биылғы жылдың соңында жалпы өнім 2,7 трлн теңге болады деген болжам бар. Мұндай өсімнің артында инвестиция және жұмыспен қамту бар: 2023-2024 жылдары негізгі капиталға 894 млрд теңге инвестиция салынып, оның 71,3%-ы жеке инвестиция болғаны, биыл 10 айда 397 млрд теңге инвестиция тартылып, 17,5% өсім көрсеткені айтылады. 2023-2025 жылдары 108,5 мың жұмыс орны құрылып, 70 мыңнан астам адам тұрақты жұмысқа орналасуы, жұмыссыздықтың 4,7%-ға түсуі және әлеуметтік көмек алушылардың азаюы — экономикалық серпіннің әлеуметтік нәтиже бергенін білдіреді. Жалақының 18% өсіп, 331 мың теңгеге жетуі, жан басына шаққан табыстың 19% артуы да осыны куәттайды.

Жетісудың табиғи артықшылығы — аграрлы база, ал қазіргі үрдіс — агросекторды өңдеумен күшейту. Ауыл шаруашылығы өнімінің өсімі, ирригациялық жобалар, пайдаланылмай жатқан жерлерді айналымға енгізу жұмыстары қатар жүріп жатыр. Ерекше назар аударатын түс — өңдеу үлесінің 49%-дан 68%-ға дейін өсуі және 80%-ға жеткізу мақсаты. Өңірдің тағы бір стратегиялық артықшылығы — транзиттік әлеует: Қорғас және Достық бағыттарындағы жобалар өңірді тек ауыл шаруашылығы емес, өндіріс пен логистиканың да маңызды торабын жасауға мүмкіндік береді.

Аталмыш өңірлердің қайта жаңғырған кезеңіне көз шалсақ, әкімшілік мәртебенің қайтарылуы символдық қадам ғана емес, өңірлердің экономикалық мақсаттарын жаңаша құруға мүмкіндік берген басқарушылық құрал болған — өсімнің сапасы: жаңа жұмыс орындарының өнімділігі, өңдеудің үлесі, инфрақұрылымның тозуын азайту, су мен энергия қауіпсіздігі, цифрлық сервистердің нақты тиімділігі. Егер осы бағыттар бір-бірімен байланысып, «жоба» деңгейінен «жүйе» деңгейіне өтсе, қайта жаңғырған облыстар тәуелсіздіктің келесі кезеңіндегі өңірлік тенгерімнің тіректеріне айналары хақ.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



16 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



Италия халқын жа-сауымыз қажет». Дәл осы міндет бүгінде біздің биліктің де иығында тұр. Яғни, жалтақ, қорқақ, ергіш халықтан еркін, батыл, ержүрек, жасампаз ұлт қалыптастыру билікке тікелей байланысты процесс. Француз ойшылы Жан-Жак Руссо билікке байланысты мынадай ой айтқан: «Биліктің жағымды немесе жағымсыз қызметінің басты өлшемі — халықтың сан және сапа жағынан өсуі

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ, тарих ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы:

МЕМЛЕКЕТТІЛІК — ХАЛЫҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ

(Басы 1-бетте)

— Мәмбет Құлжабайұлы, қазақ қоғамы үшін «тәуелсіздік» ұғымының мазмұны уақыт өте қалай өзгерді? Бүгінгі ұрпақ сол касиетті ұғымды сезіне ме?

— Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі отыз төрт жыл халқымыз үшін аса маңызды кезең болды. Бұл уақыт Қазақстан қоғамына сапалық та, сандық та тұрғыдан өзгеруге мүмкіндік берген тарихи белес деп айтуға болады. Алайда осы тұста бұл мүмкіндікті біз толық әрі дұрыс пайдалана алдық па деген заңды сауал туындайды. Бұл — халыққа ғана емес, билікке де тікелей қатысы бар мәселе. Өйткені билікке қандай жүк артылса, халыққа да сондай салмақ түседі.

Қазақ халқының санасы ХХ ғасырда терең әрі жағымсыз өзгерістерге ұшыраған. Мұны түсінуге болады, себебі мемлекеттілігінен айырылған кез келген халықтың санасы қорғансыз күйге түседі. Мемлекеттілік — халықтың қорғаны. Ал сол қорғанынан айырылған ұлттың санасы сыртқы ықпалға бейімделуге мәжбүр. Егер бейімделуге қарсылық көрсетсе, онда күшпен, зорлық-зомбылық арқылы көндіреді. Біз дәл осындай ауыр кезеңді ХХ ғасырда бастан өткердік. Сол тұста билік халықтың түпнұсқалық мәдениетін өзгертіп, оны көшірме мәдениетке айналдыруға тырысты. Өйткені мұндай қоғамды басқару әлдеқайда жеңіл еді. Бұл — саналы түрде көзделген саясат болатын. ХХ ғасырдың басында қазақтың саяси өміріне белгілі бір деңгейде араласқан ерекше тұлғалардың бірі — Тимофей Иванович Седельников. Ол — Орынбор қазағы. Өзі мінезі, ұстанымы берік адам болған. Орынбор казактарының атынан Ресейдің І Мемлекеттік думасына депутат болып сайланып, сол мінберден казак жерін қорғап сөз сөйлеген. Ол Мемлекеттік думада патша үкіметінен казак жерін отарлауды тоқтатуды талап етіп, Ресейдің отаршыл саясатын ашық сынайтын баяндамалар жасаған. Осы ұстанымы үшін 1905 жылы құмытінен куылды. Алайда Седельников мұнымен тоқтап қалған жоқ. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, 1920 жылы ол Лениннің өзіне хат жазды. Хатында большевиктердің Қазақстанда «орыс бонапартизмін» орнатып отырғанын ашық сыныа алды. Бұл «мен келдім, мен жаңа тәртіп орнатамын, сен маған бағынасын» деген өктем, отаршыл мінездің көрінісі еді. Седельников Ленинге: «Қазақстаннан мына «наполеондарыңызды» алып кетіңіз. Егер әкетпессеңіз, бұл жерде Кеңес үкіметінің болашағы күмәнді», — деп ескерткен. Бұл оның көреген, сұңғыла саясаткер болғанын аңғартады. Соған қарамастан, 1920 жылы Қазақстандағы большевиктер Седельниковті қысымға алып, ақыры елден кетірді. Ол Эстонияға қызметке ауыстырылды. Хаттарының бірінде Седельников қазақ халқы туралы мынадай бір аса мәнді пікір айтады. Оның жазуынша, қазақтар орта ғасырларда тәуелсіз, ат үстінде еркін жүрген, біреуді бағындырмаса, өзі еркіне бағынбайтын сері халық болған. Ал патша үкіметі сол халықтың астындағы атын, қолындағы қаруын тартып алды. Соның салдарынан, Седельниковтің бейнелі түнеуімен айтқанда, «бұл халық қатынаға айналды (обабисля)». Патша үкіметінен кейін орнаған Кеңес үкіметі де отаршыл саясат тұрғысынан кем түскен жоқ. Олар халықтың санасын түбегейлі өзгертуге күш салды. Қазаққа: «Сенің тарихын жоқ, мәдениетің төмен, өзің көшпелі, экономикан әлсіз халықсың. Сондықтан сендер біз көрсеткен жолмен жүрулерің керек» деген талап қойды. Нәтижесінде, халық жалтақ, қорқақ, жетекшіл халыққа айналды. Осындай ұзақ саясатқа созылған саясат пен идеология ұлттың мінезін өзгертті.

Тәуелсіздік алғаннан кейін биліктің алдында тұрған ең басты міндет — халықты осындай ауыр рухани күйзелістен алып шығу еді. Қоғамды жаңа сапаға көшіру, халық мінезінің жағымды тұрғыдан өзгеруіне жағдай жасау қажет болды. Бұл — аса маңызды тарихи жауапкершілік. Италияның белгілі мемлекет қайраткері д'Азельоның бір сөзі бар: «Біз Италия мемлекетін құрдық, енді

немесе кеміп кетуі». Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірқатар жағымды өзгеріс болды. Адам табиғаты жағымды өзгерістерге, жақсылыққа тез үйренгіш келеді, кейде сол он өзгерістерді сезбей, бағаламай қалатынымыз да рас. Биліктің жағымды не жағымсыз қызметіне байланысты тарихи факт келтірейін. Мәселен, 1925 жылы билікке Голощекин келген уақытта қазақ халқының республика құрамындағы үлес салмағы 59-60 пайыз шама-сында болған еді. Ал ол биліктен кеткен 1933 жылы халық саны күрт кеміп, казактардың үштен бірі ғана аман қалды. 1959 жылғы халық санағы бойынша казактардың үлесі 60 пайыздан 29 пайызға дейін құлдырады. 1920-1930 жылдардағы кеңестік биліктің қандай сипатта болғанын осыдан-ақ бағамдай беруге болады. Сол кезеңдегі биліктің қазақ жеріндегі қызметінің нәтижесін осы сандар айқайлап айтып тұр.

Тарихта Оразалы Жандосов деген тұлға болған. Ол — Ораз Жандосовтың інісі, да-рынды геолог, репрессия құрбаны. 1930 жылы тергеу кезінде ол бір маңызды ой айтады: «Қазақ халқының білімге, оқуға деген құштарлығы ерекше. Айналаға қара-нышы, мұндай құштарлық басқа халықтарда бар ма?» дейді. Қазақ жастарының білімге деген ынта-жігерін ерекше атап өтеді. Байқағаным, тәуелсіздік жылдарында да бұл құштарлық артпаса, төмендеген жоқ. Қазақ жастарының білімге деген талпынысы әлі де жоғары. Білім үшін ең маңызды құнды-лық — сан емес, сапа. Өкінішке қарай, біз соңғы отыз жылда, әсіресе, жоғары оқу орындарындағы білім сапасын әлсіретіп алдық. Бұл — өте қымбатқа түскен кемшіл түс. Соның салдарынан жастардың біразы мұхит асып, шетелге ат басын бұра бастады. Мұндай құбылыс социалистік кезеңнен шыққан көптеген елдің білім жүйесінде байқалады. Дегенмен, бұл жағдайға тоқтау салуымыз қажет. Оны жүзеге асыру үшін жас мамандарға жағдай жасау, лайықты қызмет пен еңбекақы ұсыну маңызды. Батыста білім алған, сапалы даарлықтан өткен жастар елімізде аз емес. Соларды іріктеп, қоғам мен ұлт игілігіне пайдалану — аса маңызды міндет. Осы тұрғыдан алғанда, алда атқарар шаруа әлі де көп.

ҚАЗАҚСТАНҒА АРХИВ САЛАСЫНДА РЕВОЛЮЦИЯ ЖЕТТІ

— Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда құпия архивтер мен құжаттар қолжетімді бола бастады. Мұндай құнды мұралар тарихи шындықты ашуға біршама мүмкіндік бергені рас. Алайда архивтер ашылғанымен, тарихи әділдік толық орнады деп айта аламыз ба?

— 2020 жылы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев репрессия құрбандарын толық ақтау туралы қаулыға қол қойды. Бұл — тарихи маңызы зор, аса пайдалы шешім болды. Осының нәтижесінде, Қазақстанға архив саласында революция жетті деп айтуға болады. Соның бір дәлелі ретінде менің жетекшілігіммен «Алаш ісі» атты екі томдық жинақ жарық көрді. Бұл — 1920-1930 жылдары ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдарынан тұратын жинақ. Аталған екі томдықта Қазақстанда басталып, Мәскеуде аяқталған Алаш зиялыларына қатысты сот процестерінің материалдары жарияланды. 2023 жылы бұдан бөлек «Алашорда ісі» деген он екі томдық құжаттар жинағын шығардық. Сондай-ақ Мемлекеттік комиссия жұмысының нәти-жесінде репрессияға байланысты жетпіс томнан астам материалдар жинағы жарық көрді. Архив революциясы тарихи зерттеуді үлкен базалық негізі жасалды дегенді білдіреді. Сонымен бірге тарихты оқутудың да ғылыми іргетасы қаланды. Бұл жымыс кәзірге дейін жалғасын тауып келе жатыр.

Ал архивтер ашылған соң тарихи әділдік толық орнады ма деген мәселеге келсек, бұл

сауалыңыз өте орынды. Мен тарихшы ретінде Алаш қозғалысы мен репрессия материалдарын зерттеумен отыз бес жылға жуық уақыт бойы айналысып келемін. Бізде әлі де тарихи құ-жаттарға қатысты атқарылмаған шаруалар бар. Репрессия материалдары — жай ғана архив деректері емес, ол біздің өткеніміз бен бүгінімізге, болашағымызға тікелей қатысы бар аса маңызды құжаттар.

Ағылшын жазушысы Джордж Оруэллдің «1984» романында: «Кім өткенді басқарса, сол болашақты да иеленеді» деген ой айтылады. Бұл сөздің астарында үлкен шындық бар. Яғни, бүгін билікте отырған күш өткен тарихты да өз қалауынша түсіндіруге ұмтылады.

Репрессия материалдарының сексен жыл бойы жабық архив қорларында сақталуы да — соның айқын дәлелі. Неліктен бұл құжаттар осыншама уақыт құпия күйінде сақталды деген сұрақ туындайды. Оның жауабы біреу. Бұл — оның артында қылмыс бар деген сөз. Кеңес үкіметі қазақ халқына қарсы жасаған қылмысын жасырып ұстады. Өйткені Кеңес үкіметінің сол қылмысқа қатысы бар, олар бұл үшін жауап беруге тиіс. Тәуелсіздік жылдарында біз кеңестік биліктің қазақ халқына жасаған қиянатына ресми саяси баға беруіміз керек еді. Біз Кеңес үкі-метінің қызметін ашық таразылап, тарихи тұрғыдан бағалауымыз тиіс. Себебі бұл сая-саттың салдарынан адам өлімі болды, халық қырылды. Бір емес, бірнеше буын, ұлттық саяси элита репрессияға ұшырады. Қазақ халқының болашағы үшін күрескен тұлғалар жазаланды, олардың отбасы ойран болып, ұрпақтарына дейін қиянат жасалды. Бұл мәселеге Парламент арқылы ресми саяси баға берілуі қажет. Мұндай баға о дүниелік болғандар үшін емес, ұлттың болашағы үшін, жас ұрпақ мұндай трагедияның қайталануына жол бермеуі үшін қажет. Еврей халқында: «Біз өткен өміріміздегі жақсылықты да, жамандықты да ұмытпаймыз», — деген терең мағыналы сөз бар. Дәл осы сөзді біз де ай-туымыз тиіс. Егер біз мұны ашық айтпасақ, онда сырттағы «достарымыз»: «Біз сендерге



2020 жылы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев репрессия құрбандарын толық ақтау туралы қаулыға қол қойды. Бұл – тарихи маңызы зор, аса пайдалы шешім болды. Осының нәтижесінде, Қазақстанға архив жасаында революция жетті деп айтуға болады. Соның бір дәлелі ретінде менің жетекшілігіммен «Алаш ісі» атты екі томдық жинақ жарық көрді.

жақсылық жасадық, сендерді ел қылдық, осындай деңгейге жеткіздік» деген уәждерін алға тарта береді. Оған жол бермеу үшін саяси баға қажет.

Халық жалында тарихи тұлғалар ешқашан ұмытылмайды. Мысалы, Ұлы Отан соғысынан кейін қазақ балаларына Бауыржан есімін жиі қоя бастады. Өйткені Бауыржан Момыш-ұлы сол кезеңде ұлт батыры, халық қаһарманы болды. Байқап қарасам, тәуелсіздік жылда-рында Әлихан есімі кен тарала бастапты. Бұл халқымыздың ірі саяси қозғалыстың басшысы болған Әлихан Бөкейханды ұмытпағанының белгісі. Қазақ халқын жаңа сапаға шығаруды мақсат еткен қозғалыс халық жалында сақталып отыр. Осы орайда ХХ ғасырдың басындағы Алаш қозғалысына қайта оралуымыз керек. Шын мәнінде, Алаш қозғалысы қандай қозғалыс еді? Өкінішке қарай, оның атауы мен мазмұны метрополия мен кеңестік идеологияның бұрмалауына ұшырады. Кеңестік идеология кез келген ұғымға өз қалауынша мағына берді, бізбен санасқан жоқ. Алаш қозғалысын «интели-генцияның тар шеңбердегі әрекеті» ретінде көрсетуге тырысты. Біз әлі күнге дейін Алаш қозғалысы туралы естіген уақытта зиялылардың күресін, ХХ ғасырдың басындағы қазақ оқығандарының қызметін көзімізге елесте-теміз. Ал, шын мәнінде, Алаш қозғалысы — қазақ халқының саяси және мемлекеттік тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт-азаттық қоз-ғалысы болатын. Бұл ұғым білім жүйесіндегі оқу бағдарламасына енгізіліп, тіпті осыған байланысты арнайы саяси құжат қабылдануы қажет еді. Осы күнге дейін Әлихан Бөкейхан-ның қызметіне ресми саяси баға берілген жоқ. Алаш қозғалысына қатысқан тұлғаларды толық ақтау үшін, ең алдымен, қозғалыстың

бастаушы тұлғасы ретінде Әлихан Бөкей-ханның тарихи қызметіне саяси баға беруіміз орынды болмақ еді. Алайда біз мұны әлі жасаған жоқпыз. Дәл осындай екіұдай көзқарас Мұстафа Шокай тұлғасына қатысты да байқалады. Кеңестік идеология Мұстафа Шокай есіміне әдейі бөтен, теріс мағына жүктеп кетті. Өкінішке қарай, біз әлі күнге дейін сол кеңестік идеология қалыптастырған түсініктің шеңберінен әрі аса алмай отырмыз. Мұстафа Шокай — ХХ ғасырда Түркістан мен Қазақстандағы кеңестік биліктің табиғатын дер кезінде, дәл әрі батыл бағалаған бірегей тұлға. Оның тарихи салмағын сол дәуірдің өзінде-ақ Еуропадағы саяси элита жақсы түсінген. Мәселен, украин эмиграциялық үкіметін басқарған Александр Шульгин есімді саяси қайраткер бар. Мұстафа Шокай дүниеден өткен соң шамамен 1942 жылы Парижде оның идеялас серіктері ас бергенде, Шульгин арнайы баяндамамен сөз сөйлейді. Сөзінде ол: «Мұстафа Шокайдың өлімі — оның Отаны, Түркістан үшін катастрофамен тең» деп баға берген. Бұл — жай эмоциялық сөз емес, тарихи тұрғыдан дәл берілген баға. Неге десеніз, Мұстафа Шокай Еуропа кеңістігінде Кеңес үкіметінің Түркістан мен Қазақстандағы шынайы сипатын ашық әрі жүйелі түрде әшкерелеген тұлға болды.

Оның еңбектері, түрлі халықаралық мінбер-лерде жасаған баяндамалары, әсіресе, «Жас Түркістан» журналы арқылы жарияланған мақалалары кеңестік биліктің отаршыл мәнін егжей-тегжейлі талдаған терең саяси анализдер еді. Түркістандағы кеңестік саясаттың бағыты, мақсаты, салдары туралы уақытында әрі толық жауап берген тұлға да дәл осы Мұстафа Шокай болатын. Шокайдың көрегендігі мен тарихи данышпандығы оның идеяларынан айқын көрінеді. Ол Түркістан халқы, соның ішінде қазақ халқы болашақта өз жерін, ұлт ретінде өзін сақтап қалуы үшін бірлікпесе болмайтынын ескертті. Оның пайымынша, Түркістан кеңістігіне көз тігетін күштер шығыста да, батыста да жеткілікті. Сондықтан бұл өңірдің халқы этнос ретінде, саяси субъект ретінде өзін сақтау үшін жұдырықтай жұмылып, ортақ мүдде жолында әрекет етуге тиіс. Әйтпесе, болашағы күмәнді болатынын ашық айтты. Бүгінгі геосаяси жағдайды ескерсек, бұл сөз өзінің өміршеңдігін толық дәлелден отыр. Осы арқылы біз Мұстафа Шокайдың ұлы тұлғалық деңгейін, тарихи ойының тереңдігін айқын сезінеміз. Оның идеялары уақыт өткен сайын өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, мәні арта түсті. Сонымен бірге кеңестік жүйенің қатыгездігін көрсететін бір жайт бар: «Шокаймен байла-нысы бар» деген жаламен қаншама адам репрессияға ұшырады, атылды, асылды. Бұл

биыл Міржақып Дулатовтың 140 жылдық мерейтойы өтті. Осыған байланысты Қостанайда ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып, халықтың, әсіресе жастардың қызығушылығының жоғары екенін байқадым. Бұрын кеңестік идеология оны «нөмірі бірінші ұлттық» деп атаған, расында ол ұлт тарихында ерекше орны бар тұлға. Сонымен қатар Смағұл Сәдуақасов сияқты тұлғалар да ұлт тарихында ерекше орын алады. Бірақ әлі де болса олардың қызметі халыққа толық жетіп үлгерген жоқ. Біз Міржақып Дулатовты, Смағұл Сәдуақасовты, Тұрар Рысқұловты, Ғазымбек Бірімжановты, Мырзағазы Есполовты, Халел Ғаббасовты, Хайретдин Болғанбаевты және басқа да алаштық қайраткерлерді дұрыс бағаламасак, олардың еңбегі ұрпаққа толық жетпейді. Кезінде Адам Мицкевич отарлық езгіге қарсы бірге көтерілген серіктеріне байланысты: «О, Алла Тағалам! Егер мен оларды ұмытсам, онда сен мені ұмыт!», — деген ойды айтқан. Бұл — азаматтық ұстанымның биік үлгісі. Сол сияқты біз өз тарихымыздағы тұлғаларды ұмытпай, олардың қызметін жас ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз. Отан үшін күрес әлі аяқталған жоқ, ал халықаралық жағдайдың болашақта шиеленісе түсуі әбден мүмкін. Сондықтан аға буын ретінде біз мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті толық түсініп, өз ұстанымымызды айқындауымыз тиіс.

— Тұлғаларды түгендегеннің жөні осы деп біраз жұрт өз ата-бабасын ұлықтап кеткен жоқ па? Мұндай құбылыс тарих ғылымы үшін зиян емес пе?

— Тарихқа деген ұмтылыс — соңғы отыз жылда ел ішінде қалыптасып келе жатқан жақсы үрдіс. Бұл құлшынысты қолдау керек. Алайда, мұндай процесс әрдайым әділ жолмен жүре бермейді. Оның ішінде кейде жөнсіз, негізсіз әрекеттер де байқалмақ. Мысалы, «қолдан батыр жасау», әулет немесе ата-бабаны жөнсіз ұлықтау сияқты жағдайлар тарих үшін зиян. Ата-бабанды құрметтеу маңызды, бірақ бірлікті және ғылыми тұрғыда бірізсіз дәріптеу қауіпті. Ұлттық мәдениет пен қоғамдық санаға әсер ететін бұл мәселені шешу үшін ғылыми тарихқа қамқорлық қажет. Кейінгі жылдары мемлекет тарих саласындағы ғылыми зерттеулерге назар аударып, қаржы бөліп келеді. Бірақ мұнда бір үлкен кемшілік бар. Гранттық және мемлекеттік қаржы негізінде атқарылған жұмыстың сапасы дұрыс бағаланбайды. Жобалардың нәтижесі қатап сараптамадан өткізілмей, жалпақшешей ұстаным үстемдік алуда. Гранттар мен мемлекеттік қолдауды әділ пайдалану маңызды. Тек қоғам мен ұлтқа пайдалы жобаларға ғана қаржы бөлініп, оны таныстық пен жеке мүдде үшін қолдануға жол берілмеуі тиіс.

КЕЙБІР ЗЕРТТЕУШІЛЕР ӘЛІ ДЕ КЕҢЕСТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ШЕҢБЕРІНЕН ШЫҒА АЛМАЙ ЖҰР

— Қоғамда кеңестік кезеңдегі қателіктерді ашық айтуға талпыныс бар. Десек те, Қазақстан тарихында кеңестік кезеңге берілген бағалаулар неліктен екіұдай?

— Тарихты жазып жүрген зерттеушілердің едәуір бөлігі — Кеңес кезеңінде қалыптасқан ғалымдар. Сол кезеңде олар кеңестік идеологияның әсерінде болды, сондықтан тез арада ол идеологиядан толық ада болып, тазарып кетті деп айту қиын. Көпшілігінің көзқарасы екіұдай: бір аяғы тәуелсіздік кезеңінде, ал екінші аяғы Кеңес дәуірінде қалып қойған. Осы себептен кейбір зерттеушілер әлі де кеңестік құндылықтардың шеңберінен шыға алмай жүр. Бұл түйткілдің түйінін тарқату үшін жас зерттеушілерді ғылымға белсенді түрде тарту қажет. Оларға жаңа методология мен теорияны меңгеруге мүмкіндік беріп, қолдау механизмін қалыптастыру керек.

— Бүгінгі геосаяси жағдай ушыққан тұста Қазақстан қандай құндылықтарға сүйенуі қажет? Сыртқы саясатта көпвекторлық позицияны ұстанатын мемлекет ретінде нені басты назарда ұстауымыз тиіс?

— Иә, қазіргі кезеңде әлемде геосаяси текетіретер күшейіп отырғаны белгілі. Мұндай жағдайда Қазақстан үшін сыртқы ортадағы өзгерістердің салмағы ерекше, әсіресе, елдің географиялық орналасуын ескерсек, бұл мәселенің маңызы тіпті арта түседі. Осындай күрделі кезеңде біз сүйенуге тиіс басты құндылықтардың бірі — түркі халықтарының тутастығы. Бұл ұстанымның тарихи негізі бар. Кезінде Мұстафа Шокай түркі халықтарының бірлігі мен өзара ынтымақтастығын қолдауды алға тартқан. Оның пайымдауынша, тек біріккен жағдайда ғана түркі халықтары өз мүддесін қорғап, сыртқы ықпалға төтеп бере алады. Сондықтан бүгінгі жастарды осы идея рухында тәрбиелеу аса маңызды. Қазір әлемде аймақтар бірігіп, өз мүдделерін қорғау үдерісі жүріп жатыр. Қазақстан да бұл үдерістен шет қалмауға тиіс. Орталық Азия кеңістігінде көрші ағайындар өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік халықтарымен интеграциялық байланысты тереңдетуіміз қажет. Мұндай ықпаластық тек саяси деңгеймен шектелмей, экономи-калық, мәдени және әлеуметтік салаларда да өзара тәуелділік пен сенімді нығайтуға бағытталуы керек. Көпвекторлы саясат — жалтақтық емес, бұл — өз мүддені анықтап, әлемдік кеңістікте бағытынды белгілеу деген сөз. Қазақстан экономикасын, мәдениетін, саяси және әлеуметтік жүйесін берік қалыптастырып, өз мүддесін тәуелсіз түрде қорғай алатын елге айналуы қажет. Эко-номикада, мәдениет пен саясатта қабыл-данатын шешімдер нақты нәтиже беруге тиіс.

— Әнтіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



16 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



«СЕКСЕН АЛТЫНШЫ ЖЫЛДЫҢ» ШЫНДЫҒЫ

Жазушы роман кейіпкерлері арқылы сол кезеңдегі қоғамның ішкі қайшылығын, жастардың тағдырын, еркіндікке ұмтылған жүректердің қайсарлығын баяндайды. «Сексен алтыншы жыл» — Желтоқсанды қасірет қана емес, ұлт санасын сілкіндірген, тәуелсіздікке бастар жолдың алғашқы қадамы ретінде танытатын, оқырманды елдік пен ерлік рухына жетелейтін көркем шығарма.

«Бекежан Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романы алғаш рет 1994 жылы республикалық «Жұлдыз» журналының №7-9 сандарында басылып, Алаш баласының азаттығы жолында шейіт болған қазақтың қайсар қыздары мен намысын жігеріне жаныған жігіттердің жан әлемін әйгілеп берді. Бір қарағанда, тәуелсіздікке тілекші болған жастармен қатар өткен ғасырда саясаттың сойылын соғып, дойыр камшысымен дүрсе қоя беретін, биік мінберлерде мінсіз болып көрінген жандардың кескін-келбеті, бірінің аузына екіншісі түкіріп қойғандай сөйлей жөнелетін саяси персонаждардың өзі жазушы суреттеуінде ерекше реңк тапқан», — дейді жазушы Қуат Қиықбай.

Романның өзегі — кеңестік биліктің әділетсіз шешіміне қарсы алаңға шыққан қазақ жастарының жанайқайы. Автор Желтоқсанды бірсәттік толқу немесе кездейсоқ бас көтеру емес, ұлт санасында ұзақ жылдар бойы қордаланған наразылықтың занды көрінісі ретінде бейнелейді. Алаңдағы суық күн, қаһарлы күш, жазықсыз жапа шеккен жастардың тағдыры — барлығы да оқырманды сол бір кезеңге жетелейді.

Шығармадағы кейіпкерлер — нақты бір адамның бейнесінен гөрі тұтас бір ұрпақтың символы деуге де болады. Олардың бойынан қайсарлықты, ұлттық рухты байқайсың. Шығарманың өн бойында сол заманның үні сезіліп тұрғандай әсер қалдырады. Автор әр кейіпкердің ішкі жан әлемін, қорқыныш пен үмітті, күйініш пен сенімді шынайы суреттейді. Өзінің де бұл жөнінде: «Бұл роман менің өмірімде, творчествомда ерекше орын алады.

«Сексен алтыншы жыл» романын оқып жатырмын. Қызықтырып, тартып әкетіп барады. Бас алдыратын емес... Бекежанға әбден риза болдым. Шешен де, шебер де, батыл да екен. Сонысы сүйсіндірді... Апыр-ау, Бекежан қандай білімді, жорғадай тайпалған сөз шебері болып қалыптасқан», — дейді қаламгер.


Бұл — көркем шығарма. Бірақ таза ойдан шығарылған дүние де емес, жалаң фактілерге құрылған шығарма деуге болмайды. Бұл романның кейіпкерлерін ойдан шығарған жоқпын. Кітап жазылып, жарық көргеннен кейін ғана, әбден қалжыраған бойға қуат шақырып, ес жиғаннан кейін ғана, осынша үлкен де кеңкөлемді тақырыпты, қат-қабат өмір көріністерін, соншама адамның тағдырын баяндауға әрекеттенгеніме қайран қаламын. Осы қиындыктан қалай өттім, қалай еңсердім, оны айтпай жеткізе алмаймын. Оған менің шамам келетін емес. Творчествоның бірсәттік мезеті осылай туатын болар. Осындай күрделі шығармаға енген, өмірде орны бар, болмысы бар, белгісі бар жандарды жансыз қағазға енгізіп, жан бітіріп, әдебиеттегі өміріне дем беріп, кейіпкердің өміріне араласып, солардың өмірін өз басыннан кешу де онай емес. Ал оны сөзбен жеткізу де қиын ба деймін», — деп жазғаны бар.

Тұтастай алғанда, туынды шарықтау шегі мен шиеленісу тұсындағы лирикалық шегіністерді есепке алмағанда, бар болғаны он бір айдың ішінде болған оқиғаларға ғана құрылған. Жазушының байкампаздығын білдіретін, аңғарымпаздығын айқындайтын «Сексен алтыншы жыл» романы: «Бұл еңбегімді «Декабристер» деген атаққа қалып, 86-жылдың бас қасіреті мен тауқыметін көтерген қазақ жастарына арнадым» деген ескертпесімен бетін ашып, Мәскеудің кино институтын тәмамдап, Алматыға кинорежиссер болып оралған Айдыңның тұрмыстағы кикілжінінен басталады.

«Расында да, Бекежан Тілегеновтің 90-жылдары жазылған көркем дүниелері арқылы көлемді дүниеге кең құлаш сермегені айдан анық көрінеді. Үлкен дайындықпен келгені — тақырыпты ашу мен сөз саптауы өзгеше мұратты танытады. Шығарманың негізгі кейіпкерлері — Айдың мен Жібек, Айдың мен Нәзік айналасында өрбитін оқиғалар барынша адам жанынан, олардың арман-аңсарынан хабар беріп отырады. Шынын айтсақ, оқиғаның дамуынан асып, шиеленісу тұсына дейінгі аралықта Айдыңның отбасы, ошақ қасы маңында өрбіген оқиғалар жиынтығы мен бірсыдырғы баяндау да, көпсөзді диалогтар да кейіпкерді мейлінше аша түсуді көздегенін ұғуға болады. Жазушы кейбір көріністер мен сезім қытқытайтын әсерлі суреттер арқылы романның негізгі жүгін ұмыттырып, тіптен бәсеке қиырға тартатындай көрінетіні рас-ты. Ал, шын мәнінде, Желтоқсан оқиға-

артықшылығы — тарихи әділетті қалпына келтіруге деген ұмтылысы. Шығармада Желтоқсан оқиғасынан кейінгі қуғын-сүргін, жазықсыз жазаланған жастардың тағдыры, олардың өмір бойы аркалап өткен рухани жарасы ашық көрсетіледі. Бұл — тек өткеннің шежіресі емес, келешек ұрпаққа қалдырған аманаты іспеттес.

«Диалог үлкен жүк көтереді. Дәл айтылған диалог арқылы талай ойды, талай нәрсені айтып үлгересін. Мысалы, махаббат туралы сезімді ұзақ баяндап, мезі қылғаннан гөрі қысқа диалог арқылы дәл жеткізіп, шынайы көрсетуге болады. Диалог адамның мінезін де, бейнесін де бере алады. Менің айтып отырғаным орынсыз шешенсіген мылжын диалог емес, өмірдің өзіндегідей шынайы, адамдардың өзіндей түрлі де тартымды диалогтарды айтамын. Сондықтан «Сексен алтыншы жылда»



мен диалогқа көп мән бердім» деп жазады қаламгер өзі туралы жазбаларында. «Сексен алтыншы жыл» романы тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге, сол бір зұлмат жылдардың ақиқатын кейінгі ұрпаққа жеткізуге бағытталғаны сөзсіз еді.

Жазушының бұл шығармасы әлі де лайықты бағасын ала қойған жоқ. Дегенмен бір кездері көрнекті жазушы Мұхтар Мағауиннің «Бекежан Тілегенов деген өте үлкен жазушы шықты. Классикалық екі роман жазды, біреуі «Қара жер» деген шығарма, полигон туралы, біреуі — «1986 жыл». Ол — желтоқсан емес, партноменклатура туралы. Мен кезінде айтқам: «қазақ үлкен халық болса, полигон қазаққа үлкен қасірет болса, қазақ әдебиеті дамыған әдебиет болса, жазылуы керек еді осындай шығарма». Ал «1986 жылы» болса, партноменклатура, біздің партияның басшылығы, оның ақыры қандай апатқа әкелгені туралы» деп айтқаны бар-ды. Мағауиннен асырып, ештеңе айта алмаспыз.

Қалай десек те, «Сексен алтыншы жыл» — тәуелсіздік рухын ұлықтайтын тағылымды шығарма екенін мойындауымыз керек. Әлі де оқырман бұл шығармаға өз бағасын бере жатар. Бастысы, роман оқырманды ел тарихына бейжай қарамауға, еркіндіктің қадірін терең сезінуге үндейді. Шығарма сонысымен құнды, бағалы болары сөзсіз.

Айна ХАСАН

ОСЫ ЖҰРТ ГҮЛЗАДАНЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Желтоқсан оқиғасы туралы айтсақ, есімізге бірден Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков түсері анық. Олар «Желтоқсан құрбандары» ретінде есімі жиі аталып, насихатталып жүр. Сондай Желтоқсан көтерілісіне қатысып, қыршыннан қиылған жастарымыздың бірі — Гүлзада Қалелова. Батыр қыз — Желтоқсан оқиғасының қатысушысы, ол да сол кездегі барша қазақ жасы секілді «маскүнем», «жеңіл жүрісті қыз», «нашақор» деген жаланы 37 жыл арқалаған. Тек тарихшылар мен желтоқсаншылардың тынбай атқарған жұмысының арқасында 2024 жылдың наурызында ақталды.



Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Гүлзада Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ілбішін деген ауылда 1969 жылдың 21 мамырында дүниеге келген. 1984 жылы сегіз жылдық мектепті бітіріп, Алматыдағы кинотехникумға оқуға түседі. Сонда оқып жүріп, Желтоқсан көтерілісіне қатысады. Сол Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін біраз тергеледі. Кейін беймәлім жағдайда 1987 жылдың ақпанында 18 жасар Гүлзада қайтыс болады. Сүйегі туған жері Ақжайық ауданының Ақжол ауылдық округіне қарасты Қабыл ауылына жерленген. 1987 жылдан 2024 жылға дейінгі аралықта Гүлзада Қалелова «маскүнем», «нашақор» деген сол бір жаланы аркалап келді.

Тек 1993 жылдың 14 сәуіріндегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын актау» туралы заңға сәйкес 2024 жылдың 3 наурызы күні ақталған. Бұл ақпаратты желтоқсаншылар мен тарихшылар қуана қабылдады.

Белгілі журналист Мұнайдар Балмолда: «Жап-жас қыз тайсалмастан алаңға барды. Кейін КСРО жөнеттерінің қолынан мерт болды. Бірақ оны бізден жасырды. Ата-анасына «Қыздарың бұзақыларға қосылған» деп өтірік ақпарат жеткізген. Тіпті, оның сүйегін ашуға болмайтын мырыш табытпен мықтап, жүзін жасырып әкелген. Мажбүрлеп жерлеткізген. Тек анасы соңғы сәтте «қызымның жүзін көрейін» деген өтініш айтып, рұқсат алған. Кейін туыстарымен де қошастырмай жерлей салған. Егер сол жөнеттердің бір жасырғаны болмаса, олар сүйекті жасырмас еді, жерлеуге асықпас еді. Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Гүлзада Нәбиқызы туралы БҚО мұрағатына сұрау салып, оны актау үшін бұлтартпас айғақ іздеп, бір тыным таппадық», — дейді.

Гүлзада Нәбиқызын туыстарына «ауырып қайтты» деп алдаған.

—1986 жылдың желтоқсан айында Гүлзаданың кураторынан хат келді. Ол хатта Гүлзаданың бұзақыларға қосылғаны туралы айтылған. Кейін желтоқсан айының аяғында ауылға бейтаныс адамдар келіп, Гүлзада туралы сұрай бастаған. Себебін сұрағандарға «артық ештеңе айтпандар, өздеріне жаман болады» деп қорқытқан. Бізге белгілісі — ол Желтоқсан оқиғасы кезінде басынан қатты соққы алған. Ол соны Алматы шетіндегі бір медпунктте емдегіп жүріп, жөнеттерге ұсталып қалған. Тек 1987 жылдың ақпан айында бірінен соң бірі екі хат келді. Ол хаттардың бірінде «қызыңыз ауырып жатыр, тез келіңдер» делінсе, екіншісінде «қызыңыз қайтыс болды» деп хабарлаған. Ұзақ іздестіруден кейін қолға түскен өжет қыз тергеу камерасында айуандықпен соққыға жығылып, кейін аруханада көз жұмған, — дейді Гүлзаданың туысы өз естелігінде.

Өжет қыз Гүлзада Қалелованы актау ісі де онай болмаған. Себебі еш жерде Гүлзада туралы ақпарат жоқ. Азды-кемді білетіндер тіс жармайды. Себебі оларды «белгісіз» адамдар қорқытып тастаған.

— Қаһарман қыздың есімін жаңғырту ісіне тікелей атсалысқан, серпін бер-

ген — сол алматылық желтоқсаншылардың өздері. Әсіресе, Гүлшара Белгібаева өз атына сенімхат жазып алып, Алматының мекемелерін, мұрағаттарын актарып, өлшеусіз тер төкті. Бейсенбай Сайфолда бастаған желтоқсаншылар Алматының прокуратурасы мен сотының табалдырығын тоздырды. Гүлзада Нәбиқызын актап алу ісінде көп адам еңбек етті. Еңбегіміз еленіп, қаһарман қызды актап алдық, — дейді тарихшы Алдаберген Сәрсек.

Гүлзада Қалелова Желтоқсан оқиғасынан кейін ұзақ уақыт тергеуде болған. Сол тергеуде оның басына қатты соққы тиген. Естелік айтушылар «миын езіп жіберген» дейді. Бұл туралы «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бейсенбай Сайфолла да растайды.

— Алматының Медеу аудандық АХАЖ бөлімі Гүлзаданың қайтыс болғаны туралы анықтаманы 2023 жылдың ақпанында берді. Ол анықтамадағы өлім себебі деген жері бос тұр екен. Кейін талап етіп, «мидын зақымданып, езілуінен қайтты» деп жазғыздық. Ескі фотолардан Гүлзаданың бейнесін тауып сараптама жасаттық. Осының бәріне үш жылдай уақыт кетіп қалды, — дейді Бейсенбай Сайфолла.

Орал қаласында тұратын желтоқсаншы Сара Мұхамбетова «Гүлзада Қалелова тарихтан өз бағасын алмады, дұрыс насихатталмай жүр» деп қынжылады.

— Біз көбіне Ләззат, Сабиаларды айтамыз. Гүлзада Қалелованың есімі де солармен бірге аталуы керек. Нәбәрі 18 жасында үзілген жауқазын ғой. Ол камерала аяусыз соққыға жығылған. Шүй-десін езіп жіберген. Қазір желтоқсаншылар Гүлзада Қалелованың есімін насихаттауды бастады. Ол туралы көп айтылуы керек. Өжеттігі, ерлігі тасада қалмауға тиіс, — дейді Желтоқсан оқиғасының куәгері Сара Мұхамбетова.

Гүлзада Қалелова ақталысымен оған «Желтоқсан батыры» төсбелгісі берілген. Ол төсбелгі қазір Ақжайық аудандық музейінде ілүлі тұр.

Тек бір әттеген-ай дегізер сәт бар. Өжет қыздың ақталғанын ата-анасы көре алмай кетті. Гүлзада Қалелованың әкесі Нәби ақсақал өле-өлгенше «қыз баласы солай бұзақы топқа қосыла ма, бұл қалай болғаны?» деп қайғырып өтсе, анасы Қалампыр қызына еш шек келтірместен өмірден өтіпті. Тек кейін ғана қызының нақақтан кісі қолынан қаза тапқанын түсінген әкесі қызына араша сұрап талай есікті тоздырыпты. Кейін өзі де шаршап, денсаулығы сыр беріп, бала қайғысына шыдамай кете барған. Гүлзада Қалелова бір үйдің тұңғышы еді. Тұңғыштарының өліміне не себеп болғанын сұраған ата-анаға сол кезде «қарақұсына қатты бірдене тиген» деп жауап берген. «Ол қалай қарақұсынан соққы алады?» деген сұраққа сүйекті әкелген белгісіз адамдар «қызыңыз маскүнем болды, баспалдақтан құлаған» деп жауап беріпті. Бірақ Гүлзаданың анасы да, әкесі де оған сенбеген.

Кейін тарихшы Алдаберген Сәрсек Гүлзада жайлы біраз ізденіп, актау процесіне қатысыпты. Тәуелсіздіктің арқасында тарихи әділдікке қол жеткізіп, батыл қыздың ерлігін бүгінгі ұрпақ та білді.

KAZAKH PROFESSIONAL JOURNALISTS ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ, БСН 161240010107, таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Суворов 16-үй, тел: 8 701 268 42 78.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



16 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Елорда жастарының ұлттық ойынға ықыласы артып, спорт саласы жаңа қарқында дамып жатыр. Жаңа заманның ұрпағы да ата-баба ізін жалғап, батырлардың ерлігін тайсалмай қайталай алады. Арқан тарту, найза лақтыру, ләңгі тебу, қошқар көтеру, қапшықпен жүгіру және садақ ату өнерін 12-13 жастағы оқушылар меңгеріп жүр. Қазақ жастары ұлттық болмысын тани түсіп, сан ғасырлар бұрынғы тарихи сәтті бар жанымен сезіне алады десек қателеспейміз. Осы орайда Астана қаласында «Бала Толағай» байқауы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Астана әкімдігінің қолдауымен К.Кеменгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясында алғаш рет «Бала Толағай» ұлттық күштік ойындарының қалалық ашық чемпионаты өтті. Спорттық турнир Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылған. Басты мақсат — ұлттық спортпен айналысып жүрген жастарды қолдау, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мәдениетті кеңінен насихаттау, жігерлі, дені сау ұрпақ қалыптастыруға күш салу.

Сайыс №49 мектеп оқушылары үшін қос қуаныш сыйлады. Алғашқы қуаныш — іс-шара аясында ұлттық спортты дамытуға, ұлттық ойын түрлерін еркін меңгеруге мүмкіндік беретін «Бала Толағай» залының ашылу салтанаты. Енді жас спортшылар су жаңа залдың игілігін көріп, арнайы залда алаңсыз жаттығады әрі жана сайыстарға ерекше қарқынмен дайындалмақ.

— «Бала Толағай» залында жаттығу оқушыларды күшті, төзімді, епті болуға жүйелі түрде дамытады. Дене шынықтыру пәнінде де ұлттық ойындарға көбірек көңіл бөліп жатырмыз. Оқу бағдарламасына да кіріктірілген, — дейді №49 мектептің

БҮГІНГІНІҢ ТОЛАҒАЙЫ «БАЛА ТОЛАҒАЙДА»



дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ерлан Болатұлы.

Мектеп ойыншылары кіл мықты екенін дәлелдеп те үлгерген-ді, команда



орынды М.Дулатов атындағы №68 мектеп-гимназиясының ойыншылары өзара бөлісті. Қалалық сайыста №21 орта мектебі, Б.Сырттанұлы атындағы №34 орта мектеп, А.Байтұрсынулы атындағы №48 мектеп-лицейі, К.Кеменгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясы, Райымбек батыр атындағы №50 мектеп-лицейі, К.Сәтпаев атындағы №61 мектеп-лицейі және №68 мектептің жас спортшылары бақ сынады. Жалпы, жеті мектептен 80-нен аса оқушы спорттық сайысқа қатысқан. Оқушылар 12 және 13 жас санаты бойынша екіге бөлінді және әр команда да бір-бірден қосалқы ойыншы жасақталған. Ұйымдастырушылар үздіктерді анықтап, қолдап қоймай, өзге оқушыларға ұлттық спорт түрлерін таныстыруды мақсат етеді. Спорттық турнир бұдан әрі мерекелік бағдарлама, сахналық қойылымға ұласты.

Биыл «Бала Толағай» сайысы елордамызда бірнеше мәрте ұйымдастырылды, мәселен, халықаралық Балаларды қорғау күніне орай 7-8 сынып оқушыларына арналған аймақтық байқау өтті. Бұл байқауға да №49 мектеп оқушылары қатысты. Ал бұл мектепте «Бала Толағай» турнирі алғаш рет өтіп отыр, мектеп басшысы Жайнар Аманбайұлы сол себепті де сайысқа қатысу оқушылардың алғашқы қадамы әрі жанаша тәжірибесі деп бағалады.

— Ұлттық ойындар қазақ мәдениетімен астасып-қабысып жатқандықтан, ұлттық спорт түрлерін дамытайық деген бастаманы қолға алдық. Сайыс қаншама оқушыға тәжірибе берді. Оқушыларымыз найза лақтырып, садақ атып үйренді. Балалар жарысып қоймай, өз мәдениетін тереңірек танып жатыр. Мұндай іс-шаралар салауатты өмір салты мен ұлттық салт-дәстүрге қызығушылықты қалыптастыра береді, — дейді мектеп директоры.

Сайыстан соң оқушылардың әсерін білуге тырыстық.

— Чемпионатқа қатысуға қажырлық пен жауапкершілік қажет. Бұл жеңіс — күнделікті жаттығу мен ұстаздардың қолдауының жемісі. Алда да ұлттық спортты дамытуға дайынбыз, — дейді №49 мектеп оқушысы Өркен Ерасыл.

№68 мектептің оқушысы Әлінуір ұйымшылдықтың аса қажет екенін жеткізді.

— Өте қызық әрі пайдалы спорттық іс-шара болды. Командамыз үшінші орын алды. Арқан тарту кезеңі қатты ұнады, командамен бірге жұмыс істемесен, жеңіске жету мүмкін емес. Басқа мектептің балаларымен танысып, араласып та кеттік, — дейді Әлінуір.

Сайыстың «Бала Толағай» деп аталуы да өткен мен бүгіннің байланысын жаңғыртып жатқандай әсер сыйлады. «Бала Толағайға» қатысып, ұлттық спортпен айналысып, шеберлігін шыңдаған әр жасты бүгінгінің Толағайы деп санайық.



кезде ғана баланың денсаулығы жақсаранды», — дейді ол.

БАТЫР БАЛАҚАЙЛАР

Ерекше балаларды оналтып келе жатқан ширек ғасырға жуық уақыт ішінде, орталықта «жүре алмайды» деген сәбилердің тұсауы кесіліп, дені сау балалармен бірге балабақшаға, мектепке барған батыр балақайлар көп болған.

«Бірде орталығымызға Хакназар деген бала келді. Аутикалық спектрінде бұзылысы бар Хакназар дәретхана көрсе, жылап қашатын. Оны түзге отырғызу — ата-анасы үшін орындалмас миссиядай болып көрініп еді. Орталықтан кешенді емді үзбей қабылдаудың нәтижесінде Хакназар саналы түрде өздігінен дәретке баратын деңгейге жетті. Сол кездегі Хакназардың өкесінің эмоциясын әлі күнге дейін сөзбен айта алмаймыз. Көзіне жас алған әкесі біздің мамандарымызға алғысын айтып, ұзақ

әкеліп жүрмін. Мұнда қосымша электрофорез, массаж алып жүрміз. Сонымен бірге орталықта логопед, дефектолог, психологтан да көмек алып келеміз. Баламның диагнозы аутизмнің жеңіл формасы. Астанаға барып та, ем алып жүрміз. Осындай кешенді ем қабылдаудың нәтижесінде ұлымда оң өзгерістер бар», — дейді ол.

Мамандардың айтуынша, әлемдік тәжірибеде ерекше балаларды оналтудың ең тиімді жолы — ерте араласу бағдарламалары. АҚШ, Канада, Германия, Жапония сияқты дамыған елдерде 0-3 жас аралығындағы балаларға арналған ерте диагностика мен кешенді оналту жүйесі кеңінен енгізілген. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, дәл осы жаста көрсетілген түзету көмегі баланың болашақта қоғамға бейімделу мүмкіндігін бірнеше есе арттырады.

— Ерекше баланы оналту — ұзақ әрі үздіксіз процесс. Бір-екі курспен нәтиже күтуге болмайды. Бізге келген әр бала-

сезінетінінде екенін дәлелдеп келеді.

Катя сәби кезінде көп жыламаған. Анасы — Мадина Нармағамбетова алғашқы бір жыл бойы қызында бір нәрсе дұрыс еместігін түсіне алмаған. Бірақ уақыт өткен сайын Катяның қозғалысқа икемдісі, көп нәрсеге реакция бермейтінін байқаған. «Осылайша, балама сал ауруы диагнозы қойылды, бірақ оны қабылдау мен үшін оңай болмады. Ен ауыр кезең — диагноз емес, алты жарым жылға созылған үнсіздік еді. Ұйқысыз түндер, көз жасы, қымбат емдеу курстары, массаж және үздіксіз терапия», — дейді Мадина Нармағамбетова.

3,5 жасында Катяны «Атырау. Маленькая страна» қоғамдық бірлестігіне алып келді. Сол жерде 2012 жылдан бастап өңірде алғаш рет иппотерапия енгізген Ерлан Құмисқалиевпен бірге жұмыс істеді. «Жылқыны алғаш көрген сәтінде Катя қатты қорыққан еді. Тіпті жылқының жанына барғысы келмейтін. Бірақ жылқы асықпайды. Жануар да адамды тыңдайды. Қазір Катя мен Зефир (жылқының аты) айнымас досқа айналды. Бүгінде Катя күн сайын инва-таксимен орталыққа барады. Жүйелі

ЕРЕКШЕ ДИАГНОЗ – БОЛАШАҚҚА ТОСҚАУЫЛ ЕМЕС

Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны жыл сайын артып келеді. Ресми деректерге сенсек, ел көлемінде ерекше білімді қажет ететін балалар саны 162 мыңнан асады. Атырау облысында да ерекше қолдауды қажет ететін балалар аз емес. Өкінішке қарай, елдегі ерекше білім беру ұйымдары мен инклюзивті білім беру жүйесі барлық өңірде бірдей дамымаған, әсіресе ауылдық жерлерде қолжетімділік төмен.

Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

АТА-АНА КӨП НӘРСЕНІ ШЕШЕДІ

Атырау облыстық балалар оналту орталығы осыдан 25 жыл бұрын ерекше білімді қажет ететін балаларға жан-жақты қолдау көрсету мақсатында ашылған болатын. Орталықта жыл сайын шамамен 500-600 бала педагогикалық және медициналық түзету көмегін алады. Біз кешенді оналтудың нәтижелері туралы сараптап көрдік.

Атырау облыстық балалар оналту орталығы директордың уақытша міндетін атқарушы Анаргүл Құбылбаеваның айтуынша, орталыққа, негізінен, сал ауруы, аутизм, Даун синдромы диагнозы

қойылған, дамуында кешеуілдеуі бар балалар келеді. «Орталықтың қызметі мемлекет есебінен толықтай тегін көрсетіледі. Балалар бізге облыстық және қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның (ПМПК) қорытындысы мен ұсынысы, сондай-ақ ата-аналарының келісімі арқылы қабылданады. Арнайы білім беру ұйымдарына баратын балаларды қоспағанда, 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қызмет ұсынып отырмыз», — дейді ол.

Оның айтуынша, балаларды оналту — дәрігер немесе орталық мамандарының ғана емес, ата-анамен бірлескен еңбек нәтижесінде келетін үлкен жеңіс. «Ең алдымен, ата-ана баланы ерекше екенін қабылдауы керек. Көп жағдайда біздің ата-аналарымыз «бала өзі сөйлеп кетеді», «кезінде әкесі де жай жүрген», «баламның дені сау» деген сияқты өз-өзін жұбатауға салынып, орталыққа кештеу келіп жатады. Сондықтан ата-аналарға ерте кимылдауға кеңес берер едік», — дейді маман.

Атырау облыстық балалар оналту орталығы директордың уақытша міндетін атқарушы Анаргүл Құбылбаеваның айтуынша, ерекше баланы оналту — ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. «Онайлықпен нәтиже келмейді. Бізге келген баланың жағдайы әртүрлі болуы мүмкін. Емін үзбей алып, мамандардың үйге берген тапсырмасын толық орындаған



жылаған еді. Ондай мысалдарымыз көп-ақ. Дертін жеңген батырларымыздың бірі — кішкентай Ахмад. Тумысынан сал ауруына шалдыққан Ахмад біздің орталыққа небәрі 5 айлығынан бастап келді. Екі жасар жыл бойы үзбей ем алғанның нәтижесінде Ахмад үш жасында жүріп кетті. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады», — дейді Атырау облыстық балалар оналту орталығы директордың уақытша міндетін атқарушы Анаргүл Құбылбаева.

Балданай Сүлейменова — ерекше баланың анасы. Ол алты жастағы ұлын емдетіп, оналту орталығына үзбей келіп жүр. «Осы орталыққа ұлым Олжасты

ның жағдайы әртүрлі. Емді үзбей алып, мамандардың үй жағдайында орындауға берген тапсырмаларын толық орындаған кезде ғана оң өзгерістер байқалады, — дейді орталық басшысы.

КАТЯНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ОҚИҒАСЫ

Қалай десек те, оналту — үлкен нәтижелерге алып келеді. Атыраулық 16 жастағы Катяның оқиғасы бұл сөзімізді қуаттай түседі. Катяға туа бітті сал ауруы диагнозы қойылған. Бірақ ол күн сайын адамның шектеуі денесінде емес, мүмкіндіктерін қалай көретіні мен қалай

жаттығулар нәтижесінде Катяның қозғалыстары жеңілдеді, арқа бұлшықеті нығайды, дене қалпы түзеді. Қазір қызым ат үстінде отырып, өзге балалармен бірге жаттығуларды сенімді орындайды. Оның сүйікті жылқысы — Зефир», — дейді анасы Мадина Нармағамбетова.

Мамандардың айтуынша, иппотерапия — атқа міну ғана емес, ол бұлшықет тонусын реттеп, баласп пен үйлесімділікті дамытатын, жүйке жүйесіне оң әсер ететін ғылыми негізделген терапия. Жылқының қимылы адам жүрісіне ұқсайды — сондықтан Катя үшін әр жаттығу денесін қайта «үйретудің» бір бөлігі.

Қазақстанда бүгінде 15-тен астам иппотерапия орталығы бар. Бірақ Катя үшін Атыраудағы орталық — оның өз денесін түсініп, болашаққа құқығы бар екенін таныған мекен. Катя көп оқиды, подкаст тыңдайды, түрлі қаладағы журналистермен хат алысады. Сұхбат қалай құрылады, сұрақ қалай қойылады, әңгіменің өзегі қалай табылады — бәрін білгісі келеді. Әлеуметтік желідегі паракшасын жүргізеді, видеолар түсіреді, шағын жетістіктерін бөліседі. «Ерекше балаларға айтарым — қиындыққа мойымау керек. Менің арманым — өздігіменн жүре алатын деңгейге жету және колледже түсу», — дейді Катя.

Бүгінгі материалымыздың басты кейіпкерлері — Хакназар, Ахмад және Катя диагнозыдан қорқынышты үкім емес екенін дәлелдеген адамдар. Әр бала — қоғамның толыққанды мүшесі болуға лайықты.



Тәуелсіз елдің ұл-қызы спортта да, білімде де алтын мен күмісін тізгіндеп, Отанына жеңіс сыйлап жүр. Әлемде көк байрағымыз желбіреп, әр елде әнұранымыз шырқалды. Жазғы және қысқы Олимпиада ойындарында 8 рет бақ сынап, барлығы 87 медаль еншіледік. Соның ішінде, жазғы спорт түрінен 79 медаль болса, қысқы спорт түрінен 8 жүлде қоржынға түскен. Бұдан бөлек, талай сыннан тарихи медаль алғанымыз тағы бар.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

АЛҒАШҚЫ АЛТЫН СЫҒЫРЫ

Иә, азат елдің спорттағы ізін айқындаған сүрлеу — 1994 жылы Лиллехаммердегі қысқы Олимпиада ойындары. Жай ғана қатысып қоймай, тарихи төрт жүлде алсақ, соның бірі — шаңғы спортынан сынға түскен Владимир Смирновтың алтыны. Бұл — ел тарихындағы қысқы Олимпиаданың алғашқы алтыны. Ал жазғы Олимпиада тарихындағы Қазақстанның алғашқы чемпионы — грек-рим шебері Юрий Мельниченко. Осылайша, төртжылдықты түйіндейтін басты бәсекеде әлем қазақ елі бар екенін танып, белгілі бір спорт түрлерінен қауіпті қарсыласқа айналдық.

Қауіпті қарсылас дегенде, алдымен, бокс есіңізге түсті, білем. 2000 жылы Сидней Олимпиадасында Бекзат Саттарханов 20 жасында топ жарды. Ол — Олимп шыңын бағындырған ең жас қазақ. Ал бокстан алғашқы алтынды Василий Жиров (1996 ж., Атланта) кеудесіне таққан. Жалпы, былғары қолғаппен дос ел аталған додадан 7 алтын аркалап қайтқан.

Қазақтың тісі бата қоймайтын спорт түрлерінен тұғрға көтеріліп, халықты бір серпілтіп тастағанымыз бар. Мысалы, дәл сол Атлантадағы аламанда Александр Парыгин қазіргі бессайыста кара үзіп шықты. Жоғарыда атап өткен Сиднейде Ольга Шишигина 100 метрге кедергілермен жүгіру бойынша қамшы салдырмаған-ды. 2012 жылы Лондон Олимпиадасында Ольга Рыпакова үш қарғып секіруден Олимпиада чемпионы атанды. Аталған додада Александр Винокуров велоспорт бойынша ел тарихындағы алғашқы алтынды еншіледі. 2016 жылы Дмитрий Баландин Рио-де-Жанейро Олимпиадасында төбемізді көкке жеткізіп, 200 метрге брасс әдісімен жүзуден алғашқының бірі болды.

Айта кетерлігі, Владимир Смирнов, Ольга Рыпакова, Елдос Сметов — Олимпиаданың барлық жүлде жиынтығын, яғни алтын, күміс, қоланы еншілеген спортшылар. Былтыр Париждегі дүбірде Елдос Сметов топ жарып, қазақ дзюдо тарихында атын алтын әріппен жазды.

Сонымен, қысқы Олимпия ойындарына келсек, 2010 жылы Ванкувер Олимпиадасында биатлоншы Елена Хрусталева күміс жүлде алды. 2014 жылғы Сочи Олимпиадасында Денис Тен мәнерлеп сырғанаудан қысқа бағдарламада 9-орында тұрса да, шешуші жаттығуда ерлік жасап, тарихи қола жүлдені еншіледі. 2018 жылы Пхенчхан Олимпиада-



ЖЕЛЫРЕП БАЙРАҒЫ ӘЛЕМДЕ, ӘНҰРАН АЙТЫЛДЫ ӘР ЕЛДЕ

сында фристайлшы Юлия Галышева аталған спорт түрінен ел қоржынына тұңғыш жүлдені (қола) салды.

Ал 2019 жылы әлем чемпионатында Элизабет Тұрсынбаева төрт айналымдық секіру түрін көрсеткен тұңғыш мәнерлеп сырғанаушы атанды. Сөйтіп, Қазақстан қоржынына тарихи күміс жүлдені салды. Биыл мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров Қытайдың Чунцин қаласында өткен ISU Grand Prix Cup of China 2025 турнирінде қола медаль



иеленсе, Skate America-2025-те сол жетістігін қайталады. Осылайша, Шайдоров бір маусымда екі рет Гран-при тұғырына көтерілген алғашқы қазақстандық фигурист атанды.

Басқа спорт түрлерінен әлем чемпионаты жүлдесі тұрасында да ой қозғасақ. Ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильин еліміздің бұл спорттағы айбынын таныта білді. Биыл Хорватия астанасы Загребте өткен грек-рим күресінен әлем чемпионатында Айдос Сұлтанғали чемпион атанды. Бұл — тәуелсіз Қазақстанның грек-рим күресінен XXI ғасырдағы алғашқы алтыны. Ризабек Айтмұхан (92 келі) 2023 жылы еркін күрестен Белградта өткен әлем чемпионатында топ жарып, ел тарихындағы ең жас (19 жас) палуан атанды. Биыл таэквондодан Найробиде өткен U21 әлем чемпионатында Бейбарыс Қабылан (алтын) тарихи нәтиже тіркеді.

2022 жылы теннисші Елена Рыбакинаның Wimbledon турнирінде кара үзіп, әлем назарына ілікті. Ол — мұндай нәтижеге жеткен алғашқы қазақстандық спортшы. Оған қоса, спортшымыз әлемдегі ең үздік он теннисшінің қатарына кіреді.



2024 жылы шахматтан Қазақстан әйелдер құрамасы Мажарстан астанасы Будапеште өткен 45-ші шахмат олимпиадасында тарихи нәтиже көрсетіп, күміс жүлде жеңіп алды. Әйелдер құрамасында Бибисара Асабаева, Меруерт Камалиденова, Әмина Қайырбекова, Ксения Балабаева, Алуа Нұрман сынға түсті.

Футболдан Қарағандының «Шахтер» клубы 2013 жылы ел тарихында бірінші болып Еуропа лигасының топтық кезеңіне шықты. Ал «Астана» клубы 2015 жылы Чемпиондар лигасының топтық кезеңінде бақ сынады. Биыл «Қайрат» клубы



Чемпиондар лигасының жалпы кезеңінде «Реал Мадридті» Алматыға шақырды. Футзалдан Қазақстан құрамасы болса, 2021 жылы алғаш рет әлем чемпионатының жартылай финалына жеткен-ді. Ел құрамасының әлемдік рейтингтегі жолы да, жөні де басқа.

БӘРІ ЖАҚСЫ, ДЕГЕНМЕН...

Еліміз әлем спортындағы беделін биіктету үшін бірқатар дода өткізді. Мысалы, 2011 жылы қысқы Азия ойындарын, 2017 жылы қысқы Универсиаданы және 2024 жылы 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қабылдады. Осылайша, жаһанға жауапты жарысты өз деңгейінде өткізе алатынын дәлелдеді. Сондай-ақ Қазақстан 2022 жылғы қысқы Олимпиада ойындарын Алматыда өткізу туралы өтініш білдірген еді. Алайда әлемдік ҰОК Алматыны емес, Пекинді тандады.

Дерек бойынша, кейінгі 6 жылда спорт саласына 1 трлн 400 млрд тенге бөлінген. Оған қоса, Қазақстан жоғары жетістіктер спортына қарастырылған қаржы көлемі жағынан Орталық Азия елдерінен бірнеше есе асып түскен. Мысалы, 2018 жылы салаға 162 млрд тенге бөлінсе, 2023 жылы 340 млрд тенгеге жетті. Алайда дүниежүзілік спорт рейтингінде еліміз 2014 жылы 25-орында болса, 2023 жылы 42-сатыға сырғығаны тағы бар. Сондай-ақ олимпиадалық спорт түрінен 126 легионер тартқан. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда сөз басында айтқан жетістіктермен қатар, осындай олқылықтар да кездескен.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда спортты дамытуға арналған 3 тұжырымдама, 4 мемлекеттік бағдарлама және 1 кешенді жоспар қабылданған. Олардың қалай орындалып, жүзеге асырылғанына байланысты әңгіме бөлек. Сүрінген тұсымыз да, жетістігіміз де бар. Дегенмен жаһандық аламандарға қазақтың ұл-қыздары азат елдің атынан қатысып жүргені рас. Ал спортта жеңіс те, жеңіліс те болады.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТМҰЛАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4680

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Кілемі үш компьютерлік беттен астам материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Айсұлу СЫЕЗХАН